


«Бекітемін»

Мектеп директоры:


М.Ж. Дуйсенбаев



«Келісемін»

Оқу ісінің орынбасары

А.Б.Абдуайтова



«Қаралды»

ӘБ жетекшісі

Хаттама № 1 «22» 09 2021

Вариативтік компонент жоспары

«Ертегілер әлемінде»

Мектепке дейінгі «Қарлығаш» аралас топ

Тәрбиеші: Арин Кенжегул

2021-2022 оқу жылы

## Түсінік хат

Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспен-шілікті арттырамыз. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркем-дік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиет-тері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан – жақты қалып-тасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиет -терді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ой-найды. Театрландырылған ойындар ойын-қойылымдары болып саналады, бұл жерде

балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді.

Театрландырылған ойындар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді. Әр баланы жеке тұлға ретінде, оның шығармашылық әлеуметін, қабілеттілігімен қызығушылықтарын дамыту мақсатында құрылған перспективтік жоспар 3-4 жасар балаларға арналған. Оқу жылына 36 сағат жоспарланған, аптасына 1 ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өткізіледі, бағдарлама 9 бөлімнен құрастырылған. Бұл бағдарламаның негізін құрайтын халық ауыз әдебиетінің түрі – ертегілер.

Ертегі – ауыз әдебиетінің ықылым заманынан келе жатқан көне де мол мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің «Бұрынғы өткен заманда, ерте-ерте деп» басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қиын емес. Ертегілерде халық басынан кешкен, ғасырлар жыры жатыр. Оларда еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, елдік тарихы, қилы-қилы қиын асулары, халықтың арман-мұраты бейнеленген. Барлық елдің ауыз әдебиетінен мол орын алған және халықтың жазу-сызу өнері болмаған кезінде ауызша шығарған күрделі шығармасының бір түрі. Ертегілер көбінесе, қара сөз ретінде айтылатындықтан, оны халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгімесін деп қараймыз. Әртүрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады.

Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой-өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар:

Ойыншықтар театры – ең көп тараған түрі, бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакельдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды. Жіптің көмегімен бақарылатын қуыршақтарды – марионеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады.

Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігімендей болады. Бала өзіне костюм, үлкен бетперде. Үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасауға болады. Оның негізі болып үш бұрышты орамалды алуға болады. Бір бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақ пен жүргізушінің мойнына ілінеді. Бұл қуыршақтар балаларға әнмен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сене білуге көмектеседі.

Саусақ театрында – саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң – солды ажыратады.

Үстел үстіндегі театры – сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызығанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады.

Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар:

- әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар;
- таяқшадан жасалған театр;
- «киндер - театры»;
- магнит театры;
- «мочалка театры»;
- үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе крючокпен тоқуға болады ( олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас бутылкаларға кигізіп қояды);
- ағаш ойыншықтар, саздан жасалған ойыншықтар (дымковски ойыншықтар). Суреттер (картиналар) театры – декорация мен кейіпкердің – суреттері. Олардың әрекеттері шектелген. Ойнаушының дауыс ырғағы (интонация) арқылы кейіпкердің мінез-құлқы беріледі. Кейіпкер әрекет барысында пайда болады, балалардың қызығушылығын арттырады.

Фланелеграф театры – суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалар мен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қиып алуға болады.

Көлеңкелі театр – жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке театрының қойлымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсетеді. Көлеңке театрының сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою- өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жуқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.

Мақсаты:

- Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту.
- Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.
- Театрлық іс – әрекетті, ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.

Міндеттері:

- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын дамыту.
- Балаларды адамгершілікке баулу, нақты сөйлеуге, салмақты ой айтуға баулу.
- Баланың қиялын есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру.
- Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Театр, оның түрлері туралы түсініктері болады.
- Қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды.
- Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіріледі.

**Құрастырушы:** Мирманова Г.Е., Жанғон А.С. - №7 бөбекжай-бақшасының тәрбиешілері

«Ертегілер әлемінде» деген бағдарлама 3-4 жастағы балаларға арналған. Күннің екінші жартысында өткізілетін вариативтік компонент. Театр ойындары арқылы көрсетілетін әр-түрлі іс-әрекеттер, қимыл-қозғалыстар балалардың бойында достық, адалдық, батылдық, жан ашырлық қасиеттерін тәрбиелеуге жағдай жасайды және әлемді тек ақылмен ғана емес, жүрекпен де тани білуге үйретеді. Әр түрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады.

Вариативтік компонент «Ертегілер әлімінде»  
Мектепке дейінгі шағын орталық. Аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағат.

№	Сабақтың тақырыбы	сағат	Мерзімі
1	«Бауырсақ» ертегісі	1	03.09.2021
2	«Бұл бауырсақ - кішкентай қу аң»	1	10.09.2021
3	«Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін...»	1	17.09.2021
4	«Бауырсақ» ертегісінің қойылымы	1	24.09.2021
5	«Шалқан» ертегісі	1	01.10.2021
6	«Ата мен әжемде қонақта болғанда»	1	08.10.2021
7	«Осындай үлкен шалқан...»	1	15.10.2021
8	«Шалқан» ертегісін сахналау	1	22.10.2021
9	«Үш аю» ертегісі	1	29.10.2021
10	«Қане досым, сөзге қосыл»	1	05.11.2021
11	«Үш аюда қонақта»	1	12.11.2021
12	«Үш аю»	1	19.11.2021
13	«Үйшік» ертегісі	1	26.11.2021
14	«Үйшік» ертегісі	1	03.12.2021
15	«Қане досым, сөзге қосыл»	1	10.12.2021
16	«Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды»	1	17.12.2021
17	«Түлкі мен қояндар» ертегісі	1	24.12.2021
18	«Түлкі, түлкі, түлкішек»	1	31.12.2021
19	«Қу түлкі мен қорқақ қояндар»	1	07.01.2022
20	«Түлкі мен қояндар»	1	14.01.2022
21	«Қоянның үйшігі» ертегісі	1	21.01.2022
22	«Оқы да біл, ойна да күл»	1	28.01.2022
23	«Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды»	1	04.02.2022
24	«Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды»	1	11.02.2022
25	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі	1	18.02.2022
26	«Лақтарым менің, лақтарым менің...»	1	25.02.2022
27	«Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге, сүт әкелді»	1	04.03.2022
28	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі	1	11.03.2022

29	«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	1	18.03.2022 25.03.2022
30	«Жібек сақалы бар, майға батырып алған басы бар»	1	01.04.2022 8.04.2022
31	«Сымбатты әтеш»	1	15.04.2022
32	«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	1	22.04.2022
33	«Ертегі әлеміне саяхат»	1	29.04.2022
34	«Ертегі әлеміне саяхат»	1	06.05.2022
35	«Ертегі елі жермен келе, жатыр!»	1	13.05.2022
36	«Ертегі елі жермен келе, жатыр!»	1	20.05.2022

Білім саласы: Қатынас.

Сабақ түрі: Ертегілер әлемінде.

Оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың 1-ші технологиялық картасы

Тақырыбы: «Бауырсақ».

Мақсаты: Балаларды ертегі мазмұнын түсініп оны әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту. Көңіл - күйлерін терең түсініп, аяушылық сезімге қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: ұн, қамыр, илеу.

Қостілдік компоненті: ұн - мука, қамыр- тесто, илеу- замесить.

Әдіс- тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сурет арқылы әңгіме ойын, сұрақ-жауап, қортындыл

Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	-Балалар, сендер ертегілерді көп білесіңдер ме? -Ертегілерді жақсы көресіңдер ме? -Балалар ертегілерді естеріңе түсіріңдерші, олар қалай басталушы еді? - Олай болса мен сендерге бүгін бір тамаша ертегіні айтып беремін, сендер мұқият тыңдандар.	- Әрине. - Иә. - Ерте, ерте, ертеде ...
Іздену-ұйымдастырушы	Тәрбиеші: - Бүгінгі сендермен танысатынымыз “Бауырсақ” ертегісі. - “Бауырсақ” ертегісінде қандай кейіпкерлер бар? - Ертегі не жайында екен? - Бауырсақты кім пісіреді? - Бауырсақ қандай әрекет жасады? - Оның бұл ісі дұрыс па? - Ол жолда кімдерге кез болады? - Түлкі бауырсақты қалай жепқояды? - Балалар сендер басқа қандай ертегі білесіңдер? Сөздік жұмыс. Дидактикалық ойын Ойынның шарты: үстел үстіндегі суреттер бойынша ертегідегі кейіпкерлерді құрастырады.	Тәрбиешінің айтқанын тыңдай отырады. Балалар жауабы: - бауырсақ, ата, әже, қоян, аю, қасқыр, түлкі. Балалардың жауабы: Ата-әжесінен қашып кетті. Сөздердің мәнін түсініп естерінде сақтайды. Әр түрлі пішіндерден ертегі кейіпкерлерін құрастырады.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Қорытынды. - Ертегіге қандай кейіпкерлер қатысты? - Балалар, сендер де осы бауырсақтың ісін қайталамау үшін қандай болуларың керек? Жақсы жауап берген балаларды мадақтау.	Балалар сұрақтарға жауаптар береді. Балалардың жауабы: Ақылды болуымыз керек

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.

Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

Қолданады: Сөздерді анық айтады.

**Тақырыбы: «Бұл бауырсақ-кішкентай қу аң».**

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерді таңдау, рөлдерге бөлу.

Фланелеграф арқылы –қызығушылықтарын, қиялдарын,эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндау мен тіл байлықтарын дамыту. Мейрімді, тату –тәтті, дос болуға үйрету.

Сөздік жұмыс: аңқау, қорқақ, қу, ашулы.

Қостілдік компоненті:аңқау - рассеянный, қорқақ - трусливый, қу - хитрый.

Әдіс- тәсілдер: әңгімелеу, суреттерді жапсыру арқылы қызықтыру,кейіпкерлерді талдау, сұрақ - жауап.

Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	- Балалар, «Бауырсақ ертегісі естеріңде ме? - Кәне естеріңе түсіріңдерші.	Иә, білеміз
Іздену-ұйымдастырушы	1) Кейіпкерлерді атап шығады. -Бұл кейіпкерлердің мінезі қандай? - Қоян? - Ал түлкі қандай? - Аю? - Қасқыр? - Бауырсақ? 3) Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларын түйіп айтқызу. 4) Баланың түсінгеніне қарай, жақсы қатысқанына қарай кейіпкерлерді таңдап, рольдерін беру. Қандай мінез қылықта болатындарын айту.	Бауырсақ, қоян, түлкі, аю, әже, ата. - мейірімді, қорқақ, аңқау - қу, жаман - салмақты - ашулы - көңілді. Ертегіні көре отырып ертегі мазмұнына сәйкес жауап береді, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін талқылайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	- Бұл ертегіде кім сендерге ұнады? - Неге ертегі көңілсіз аяқталады?	Үй тапсырма: Балалар, үйге келгенде аналарына айтып беріңдер.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.

Түсінеді:Таныс ертегінің соңын басқаша құрастырады.

Қолданады:Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.



**Тақырыбы: «Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін....»**

Мақсаты:Ертегіні зейін қойып тыңдай білуге, әртістік қабілетін дамыту.

Ертегінің желісі бойынша сұрақтарға жауап бере білуге,қысқаша мазмұндауға үйрету.Олардың дауысын салып қызыға ойнау дағдыларын қалыптастыру.Бір-бірлерін сыйлауға,көмектесуге,адамгершілік қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: аңқау, қорқақ, қу, ашулы.

Қостілдік компоненті:ертегі – сказка.

Әдіс-тәсілдер: өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтыру, сұрақ- жауап.

Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Шаттық шеңбері. - Балалар ертегілер еліне енеміз. - Балалар сендер басқа қандай ертегі білесіндер?	Тәрбиешінің айтқандарын тыңдай отырып, таныс ертегілердің кейіпкерлерін атайды
Іздену-ұйымдастырушы	Тәрбиеші: - Бүгінгі сендермен танысатынымыз “Бауырсақ” ертегісі. Ертегіні оқып отырып, балаларға түсіндіру. - Балалар, осы “Бауырсақ” ертегісінде қандай кейіпкерлер бар? -Ертегі не жайында екен? -Бауырсақты кім пісіреді? -Бауырсақ қандай әрекет жасады? -Оның бұл ісі дұрыс па? -Ол жолда кімдерге кез болады? -Түлкі бауырсақты қалай жеп қояды? -Балалар сендер басқа қандай ертегі білесіндер? Сергіту сәті: Дидактикалық ойын Ойынның шарты: үстел үстіндегі суреттер бойынша осы ертегідегі кейіпкерлерді құрастыру	Ертегіні тыңдай отырып ертегі мазмұнына сәйкес жауап береді, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін талқылайды. Балалар жауабы: бауырсақ, ата, әже, қоян, аю, қасқыр, түлкі. Балалардың жауабы: Ата-әжесінен қашып кетті. Жаңа сөздердің мәнін түсініп естерінде сақтайды. Әуенмен бауырсақты айналып билеу.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Қорытынды. Балаларды мадақтау. -Балалар, сендер де осы бауырсақтың ісін қайталамау үшін қандай болуларың керек?	Балалардың жауабы: - Ақылды болуымыз керек

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.

Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды.

Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады.

**Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісінің қойылымы.**

Мақсаты:Ертегі, әлеміне қызығушылығын қалыптастыру. Ертегі сахналау барысында кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізе білуге үйрету.

Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілетін дамыту.

Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсетебілуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: бауырсақ .

Қостілдік компонент: бауырсақ - колобок.

Әдіс- тәсілдер: өткенді қайталау, тамашалау, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: ширма, кейіпкерлер атрибуттары

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Тәрбиеші: - Балалар қане есімізге түсіріп көрейікші, ертегілердің басы қалай басталады? - Ал балалар ертегі әлеміне саяхат жасайық. - Ертегілер әлеміне бару үшін қандай көлікпен барайық? (пойыздың дауысы естіледі)	Балалар: - «Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөрте де...», - «Баяғы өткен заманда шал мен кемпір тұрыпты», - Пойызбен барайықшы, тез жетеміз.
Іздену-ұйымдастырушы	Біз ертегі әлеміне келдік, қане жайғасып отырайық. - Бүгін қандай ертегіні тамашалайтындарыңды білу үшін сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. 1. Өзі қу, жүрген жері айқай – шу. 2. Далада жүр шапқылап, Керемет тым саққұлақ, Тек есектен басқа да, Оған ұқсар жоқ құлақ. 3. Ит сияқты пішіні, Ұнатпайды ол кісіні. 4. Қыс бойына жатады, Тәтті ұйқыға батады. 5. Өзі қып-қызыл болып піседі Күнге ұқсас келеді. - Сонымен балалар, бұл кейіпкерлер қай ертегіде кездеседі екен? Тәрбиеші балаларға «Бауырсақ»ертегісін еске түсіруін ұсынады. Тәрбиеші «Бауырсақ» ертегісін қуыршақ театр арқылы қоюын ұсынады	- түлкі - қоян - қасқыр - аю - бауырсақ - «Бауырсақ» ертегісінде. Балалар мазмұнын айтып береді. Балалар қуыршақтарын алып ертегіні сахналайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	- Ертегі қалай аяқталады? Балаларды мадақтау, бағалау	

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.

Түсінеді:Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

Қолданады:Сөздерді анық айтып, есте сақтау қабілеттерін дамиды.

**Білім саласы: Қатынас.**

**Сабақ түрі: Ертегілер әлемінде.**

**Тақырыбы «Шалқан».**

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлері арқылы мазмұнымен таныстыру. Сұрақ- жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Көңіл-күйлерін терең түсінуге аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Шалқан, көкөніс, үлкен.

Қостілдік компонент:Шалқан - репка.

Әдіс-тәсілдер: қызықтыру, әңгімелеу, таныстыру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, қуыршақ Әже.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Қонаққа қуыршақ Әже келеді. Балалармен амандасады. Әже сіздің келгеніңізге өте қуаныштымыз. Әже: -Балалар сендер ертегілерді көп білесіңдер ме? - Ертегілер қалай басталушы еді?	- Әрине. - «Ерте ерте ерте екен, ешкі жүні бөрте екен» деп басталады. Білгендерін айтады.
Іздену-ұйымдастырушы	1) Ертегінің атын атау «Шалқан», кейіпкерлерді атап таныстыру - ата, әже, немересі, ит, мысық, тышқан. 2) Ертегіні мазмұндау. Фланелеграфқа суреттерді жабыстыра отырып түсіндіру. -Ерте, ерте, ертеде ата мен әже өмір сүріпті. Бір күні ата барып шалқанды тартады, тартады, бірақ тарта алмайды. Ол кемпірді көмекке шақырады..... - Тек тышқан көмекке келгенде шалқанды тартып алады.	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ-жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. - Бұл ертегіде сендерге кім ұнады? - Қоян кіммен дос болып қалды?	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.

Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

### Тақырыбы: «Осындай үлкен шалқан».

Міндеттері: Ертегіні қайталай отырып таңдаған балаларға кейіпкерлердің сөздерін айтып үйрету. Фланелеграф арқылы сөздердің дұрыс, анық, ашық айтуын қадағалау, қимыл қозғалыстарын көрсете білуін дамыту. Бір бірлеріне қиын жағдайда көмектесіп, ренжітпеуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: шалқан, үлкен, сарғылт.

Қостілдік компонент: шалқан - репа, үлкен - большая, сарғылт - оранжевая.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұрақ – жауап, сұрақ- жауап, тамашалау.

Көрнекіліктер: Фланелеграф кейіпкерлер суреттері

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	- Біздің көзіміз. - Біздің құлағымыз. - Біздің қолымыз бізге бөгет болмайды, олар бізге көмектеседі.	- Көреді. - Мұқият тыңдайды.
Іздену-ұйымдастырушы	-Кім шалқанды екті? Алдарына атаның суретін қою. - Ата кемпірді қалай шақырады? - Кемпір немере қызды қалай шақырады? Сурет арқылы сөйлем құрастыру, тәрбиеші екі бейнені көрсетеді: ата кемпірді шақырады, кемпір Машаны шақырады, т.б...) Ойын: «Кім кімді шақырады?» Мақсаты: ертегіні қайталау. Ойын: «Кім жоқ?» Тәрбиеші: –Кім бірінші келді? Бейнесін алдында қояды. - Кім жоқ? Бейнесін қояды т. Б -Кім кімге көмектеседі? - Маша кімге көмек берді? Сергіту сәті	- Ата. - Кемпір кел, шалқанды тартайық. Балалар бірге шақырады. Балалар сөйлем құрастырады. Балалар сөйлем құрастырады. - Ата. - Кемпір. - Кемпір атаға көмек берді. Бәрі айтып ертегіні қайталайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Дұрыс, бәрі бір – біріне көмек беріп шалқанды тартып алды. - Ал, сендер, үйлеріңде кімге көмек бересіңдер?	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.

Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды.

Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады.

### Тақырыбы: «Шалқан» ертегісін сахналау.

Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс әрекеттерін, әсерлі көңіл-күйлерін білдіре отырып, сезімдерді көрсете білу, рөлдердің дұрыс орындалуын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: шалқан, өсті, үлкен, тартты, жұлынбады.

Қостілдік компонент: көкөніс – овощ, өсті - выросла, үлкен - большая, тартты - тянул.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ – жауап, сахналау.

Көрнекіліктер: Ширма, кейіпкерлер атрибуттары.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Ертегіге қатысты атрибуттарымен бір – бірден таныстырылады. - Балалар, бұл кім? - Ал мынау кім? деп барлық кейіпкерлер шығарылып көрсетіледі.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Кейіпкерлерді танып атайды.
Іздену-ұйымдастырушы	Тәрбиеші балаларды ширма жанына шығарады. Кейіпкерлер рольдерін ойнайтын балаларды тақтаға шақыру. Кейіпкерлердің атрибуттарын қолға киіді ұсынады. Сөздік жұмыс: шалқан, өсті, үлкен, тартты, жұлынбады. Балаларға сөздерді айтқызу. Қалған балалар көрермен ретінде тамашалауға отырғызу.	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Ертегі қалай аяқталады? Балаларды мадақтау, және бағалау	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.

Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

**Сабақ түрі: Ертегілер әлемінде****Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі.**

Міндеттері: балалардың білімін бекіту, ертегілер үзінділерін әңгімелей білу.

Балалардың елестету қиялдарын дамыту, сөздік қорын молайту. Көңіл –күйлерін терең түсінуге, аяушылық сезімі камқоршыболуға үйрету.

Сөздік жұмыс: Аю, үш, алыс кетті, адасты, орман.

Қостілдік компонент:Ата – дедушка, әже – бабушка, рұқсатсыз – без спроса, үй – избушка, орман – лес, алысқа кетті – ушла далеко.

Әдіс-тәсілдер: таныстыру, түсіндіру, ойынмен қызықтыру, сұрақ-жауап, Д/о.

Көрнекіліктер: фланелеграф, орман, тоғай, үйдің және кейіпкерлердің суреті

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балалар, мен сендерге бүгін өте тамаша ертегіні айтып беремін. - Ал, сендер мұқият тындап отырыңдар.	Балалар қызығушылық танытады.
Іздену-ұйымдастырушы	- Балалар! Сендер ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келеме? Ертегіні әңгімелеу: ..... Ерте,ерте ертеде бір кішкентай Настя деген қыз болыпты. - Мынау кімнің үйі? - Мында кімдер тұрады? Дұрыс, сендер өте ақылдысындар! - Балалар сендер шаршадыңдарма? Ендеше бәріміз орнымыздан тұрып, бойымызды сергітіп алайық! Сергіту сәті: Қорбандаған аюдың Құлпынайы көп екен Теріп, теріп алайық Қалтамызға салайық	Тыныш отырып мұқият тындайды. - Аюдың. - Папасы, Мамасы, Баласы - Иә
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ –жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау. Балаларды мадақтау.	Балалардың тақпағы: Сұрақтарға жауаптар береді.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.

Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды.

Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады.

**Тақырыбы: «Қане досым, сөзге қосыл».**

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерін бөлу. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндаулары мен тілдерін дамыту. Мейірімді, тату-тәтті -, дос болуға үйрету.

Сөздік жұмыс: үш, аю, үлкен, орташа, кішкентай.

Қостілдік компонент: аю – медведь, ботқа – каша, ауыл – деревня, үйге кіру – войти в дом, орманда адасу – заблудилась.

Әдіс – тәсілдер: ойынмен қызықтыру, сурет арқылы, сұрақ- жауап.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, суреттер

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Дидактикалық ойын «Ненікі?» Мақсаты: кейіпкерлер тандап, тілдерін дамыту, 3 қасық пен 3 тәрелке тарату.	Балалар үстел үстінде отырып айтады: «Бұл менің қасығым!..... Мен онымен сорпа ішемін!»
Іздену-ұйымдастырушы	1) - Балалар, ертегінің кейіпкерлерін атап шығайықшы – Михаил Потапыч, Настасья Петровна, қонжық және Маша. 2) Балаларды тақтаға шақырып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып ойларын түйіп айтқызу. 3) Балалардың түсінгеніне қарай, жақсы қатысқанына қарай 5 кейіпкерлерді тандап, рөлдерін беру. Сергіту сәті.	Балалар білетін аңдарды атайды. Олардың мекендерін айтады. Кейіпкерлерге мінездеме береді. Көрініске қатысады. Ойын ойнай отырып, артық заттарды тауып көрсетеді. Сөздерді қайталай отырып, қимылмен көрсетеді
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ –жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау. Балаларды мадақтау.	Балалардың тақпағы: Сұрақтарға жауаптар береді.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Кейіпкер образын көрсетеді, композиция құрады.

Түсінеді: Кейіпкерлердің іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл күйлерін көрсетеді .

Қолданады: Рөлдерді дұрыс орындайды.

### Тақырыбы: «Үш аюға қонаққа барайық».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, тандалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Фланелеграф арқылы-сөздерін дұрыс, анық, ашық айтуын қадағалау, қимыл –қозғалыстарын көрсете білгендерін дамыту. Бір-бірлеріне қиын жағдайда көмектерін, ренжітпеуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Аюлар, үлкен, орташа, кішкентай.

Қостілдік компонент: Түнеу – переночевать, жібермеу – не отпускать, пісіру – варить, уайымдау – тужить.

Әдіс- тәсілдер: сұрақ-жауап, сурет жапсыру, қателерін жөндеу, сұрақ –жауап.

Көрнекіліктер: фланелеграф, суреттер.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Алғашқы сабақта біз қандай ертегімен таныстық? - Кім кейіпкерлерін атап шығады?	Балалар қызығушылықпен жауап береді.
Іздену-ұйымдастырушы	Балаларға ертегіні естеріне түсіру. Тандалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шақыру. Балаларды тақтаға шақырып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. Сергіту сәті.	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Қорытынды сұрақ –жауап арқылы қорыту Балалардың дұрыс емес жерлерін түзетіп отыру.	Балалардың тақпағы: Сұрақтарға жауаптар береді.

Күтілетін нәтиже:



Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.

Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды.

Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады.

### Тақырыбы:«Үш аю» ертегісін сахналау.

Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс -әрекеттерін, әсерлі көңіл-күйлерін білдіре отырып сезімдерін көрсету. Рольдерді дұрыс орындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру.Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашық көрсете білуге үйрету.

Сөздік жұмыс:

Қостілдік компонент:ауыл – деревня, үйге кіру – войти в дом, орманда адасу – заблудилась, жібермеу – не отпускать.

Әдіс- тәсілдер: сахналау, сұрақ-жауап,

Көрнекіліктер: Ширма, атрибуттар.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, сендер қайда келдіңдер? - Балабақшада не істейсіңдер? - Балабақшада ұнайдыма? - Балалар, сендер қалай ойнайсыңдар?	Балалар қызығушылықпен жауап береді - Біз балабақшаға келдік. - Ойнаймыз, өлең айтамыз, бейлейміз, ертегі тыңдаймыз. - Балабақша ұнайды. - Бірге, тату ойнаймыз
Іздену-ұйымдастырушы	- Балалар, сендер қандай ертегілер білесіңдер? - Ертегі тыңдаған ұнайдыма? Сергіту сәті - Ал менің қолымдағы кітап жай кітап емес сиқырлы кітап. Бұл сиқырлы кітапта «Үш аю» ертегісі бар. Балаларға ертегіні 2-3 рет қайталап оқып беру.	Бауырсақ, Қызыл телпек, Түлкі мен тырна. - Ия. Аңдардың қимыл қозғалыстарын балалар көрсетеді. Оқыған ертегіні балалар мұқият тыңдайды . Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді
Рефлексивті-коррекциялаушы	- Балалар, ертегі не жайлы? - Қызбен не болады? - Қыз кімнің үйіне барады? - Ертегі сендерге ұнадыма?	Тәрбиешінің сұрақтарын балалар жауап береді - Қыз орманнан жоғалып кетеді . - Аюдың үйіне барады. - Ия.

	Ойын «Аюдың апанында» Жақсы ат салысқан балаларды мақтап, мадақтайды.	Балалар ойынға бәрі бірге қатысады.
--	---	-------------------------------------

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.

Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

**Білім саласы: Қатынас.**

**Сабақ түрі: Ертегілер әлемінде.**

**Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі.**

Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, ондағы кейіпкерлерді жаңа техника бойынша қабылдауға үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыра отырып, іскерлік дағдыларын дамыту. Әдептілікке, өзара жолдастық көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Үйшік, ертегі.

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, әңгімелеу, ойынмен қызықтыру, сұрақ – жауап. Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, орман суреті.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Ең алдымен балаларға ертегі туралы әңгімелеп, түсінік беру. Ертегі дегеніміз - біздің халқымыздың арман-қиялынан туған шығарма. Ертегілердің түр-түрі өте көп. Солардың бірі – «Үйшік» ертегісін бүгін мен сендерге оқып, түсіндіріп беремін.	Балалар тәрбиешінің әңгімесін тыңдап отырады.
Іздену-ұйымдастырушы	Ертегі кейіпкерлерін атап шығу – бақа, қоян, тышқан, т.б. Тәрбиеші мәнерлі рөлге еніп, ертегіні айтып береді. «Ерте, ерте, ертеде, Ешкі жүні бөртеде, Құйрық жүні ұзын екен, Қырғауылы қызыл екен...»деп бастайды. Ойын «Кім көп ертегі біледі?» Мақсаты: Ой - өрісін дамыту, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Сергіту сәті: Боран соғады оң жақтан, Боран соғады сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан.	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.

Рефлексивті-коррекциялаушы	Балаларға бірнеше сұрақ қойып, ертегі туралы білімдерін жинақтап, өз сөздерімен әңгімелеуге дағдыландыру.	Сұрақтарға жауап береді.
----------------------------	---	--------------------------

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

### Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі.

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерге бөлу, фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, ой-белсенділігін арттыру. Балалардың көркемдік, эстетикалық талғамын дамыта отырып, белсенділікке тәбиелеу. Ертегіге терең еніп, сұрақ – жауап арқылы тіл байлықтарын дамыту көзделеді.

Сөздік жұмыс: Аю, үйшік, үлкен, кішкентай, сындырды.

Қостілдік компонент: үйшік – теремок, қосылып – вместе, тұрды – жили.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелесу, өткенді қайталау, кейіпкер таңдау, ойнату, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: Кітапша, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Аңдар туралы өлең оқу: «Ормандағы аю», «Ұзын құлақ сұр қоян», «Ақымақ қасқыр», «Қу түлкі» туралы.	Балалар өлеңдерді тыңдайды, қосылып қайталайды.
Іздену-ұйымдастырушы	Өткен сабақты еске түсіру. - Балалар сендер қандай аңдарды білесіңдер? - Олар қайда мекендейді? - Қоян түсін өзгерте ме? Ертегі кейіпкерлерін фланелеграф тақтасына жабыстыра отырып, кейіпкерлерге мінездеме бергізу. 3 – 4 баланы ортаға шақырып, шағын көрініс жасау. Дидактикалық ойын: «Не артық?» Ойынның мақсаты: Танымдық қасиеттерін, ой-өрістерін, қызығушылықтарын арттыру. Сергіту сәті: Ұзын	Балалар білетін аңдарды атайды. Олардың мекендерін айтады. Кейіпкерлерге мінездеме береді. Көрініске қатысады. Ойын ойнай отырып, артық заттарды тауып көрсетеді. Сөздерді қайталай отырып, қимылмен көрсетеді.

	кұлақ, сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді.	
Рефлексивті-коррекциялаушы	Балаларға бірнеше сұрақ қойып, ертегі туралы білімдерін жинақтап, өз сөздерімен әңгімелеуге дағдыландыру.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдайды.

Түсінеді:кейіпкерлерге мінездеме береді.

Қолданады:рөлдерге еніп, көрініс көрсетеді.

**Тақырыбы: «Қане досым, сөзге қосыл».**

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін дұрыс, анық айту, сөйлеу мүшелерін дұрыс қолдана білуге жаттықтыруды, сөздік қорын дамыту, ертегі туралы алған білімдерін, ойын-жаттығу арқылы тиянақтау. Атрибуттар арқылы кейіпкерлер іс-әрекеттерін, әсерлі көңіл – күйлерін білдіре отырып, тілдерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту. Ойын арқылы балалардың көңіл-күйлерін көтеру.

Әдіс-тәсілдер: өткенді қайталау, түсіндіру, әңгімелеу, ойнау, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козғаушы	Ең алдымен балаларға ертегі туралы әңгімелеп, түсінік беру. Ертегі дегеніміз - біздің халқымыздың арман-қиялынан туған шығарма. Ертегілердің түр-түрі өте көп. Солардың бірі – «Үйшік » ертегісін бүгін мен сендерге оқып, түсіндіріп беремін.	Балалар тәрбиешінің әңгімесін тыңдап отырады.
Іздену-ұйымдастырушы	Ертегі кейіпкерлерін атап шығу – бақа, қоян, тышқан, т.б. тәрбиеші мәнерлі рөлге еніп, ертегіні айтып береді. «Ерте, ерте, ертеде , Ешкі жүні бөртеде, Құйрық жүні ұзын екен, Қырғауылы қызыл екен...» деп бастайды. Ойын «Кім көп ертегі біледі?» Ойынның мақсаты: Ой - өрісін дамыту, есте сақтау	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.

	қабілеттерін арттыру. Сергіту сәті: Боран соғады оң жақтан, Боран соғады сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан.	
Рефлексивті-коррекциялаушы	Балаларға бірнеше сұрақ қойып, ертегі туралы білімдерін жинақтап, ертегіні өз сөздерімен әңгімелеп беруге дағдыландыру.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ертегі мазмұнын түсінеді.

Түсінеді: Әдепті болуға, көмек беруді түсінеді.

Қолданады:Ертегіні өз сөздерімен әңгімелеп береді.

### Тақырыбы: «Көз көруге тоймайды, құлақ естуге тоймайды».

Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл-күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрыс орындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу. Кейіпкер образын көрсете білуге, композиция құрауға үйрету, ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру.

Сөздік жұмыс: қоян, қасқыр.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, көрсеті, түсіндіру, сахналау.

Көрнекіліктер: Сахна, кейіпкерлер атрибуттары, көрме

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Қонаққа сиқыршы келеді. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Мен сендердің бүгінгі ертегілеріңді тамашалауға келдім. - Бүгін біз «Қасқыр мен қоян» ертегісін сахналаймыз. Кейіпкерлер келіңдер қайдасындар?	Сұрақтарға жауап береді.
Іздену-ұйымдастырушы	1)Балаларға қасқыр мен қоян ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару– қоян мен қасқырды. 2) Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.

	балалар көрермен ретінде тамашалауға отырғызу. 3) Балалар сөздерді ашық, анық, бар эмоциямен сахналатқызу. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкерлер атрибуттарын қарсы алғызу. Сергіту сәті.	
Рефлексивті-коррекциялаушы	Балаларға бірнеше сұрақ қойып, ертегі туралы білімдерін жинақтап, ертегіні өз сөздерімен әңгімелеп беруге дағдыландыру.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегі әлеміне қызығушылық білдіріп, мағынасын түсінеді.

Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын келтіріп ойнайды.

Қолданады: Сөздерді анық айтады, есте сақтауды үйренеді

**Білім беру саласы: Қатынас.**

**Сабақ түрі: Ертегілер әлемінде.**

**Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» ертегісі.**

Мақсаты: Ертегі суреттері арқылы мазмұнымен таныстыру. Дидактикалық ойын арқылы ой - өрістерін, танымдық қасиеттерін кеңейту. Балаларға эстетикалық тәрбие беру арқылы шығармашылығын Ойлау қабілеттерін арттыра отырып, іскерлік дағдыларын дамыту.

Сөздік жұмыс: Үңгір, азық, озбырлық.

Қостілдік компонент:Үңгір -, азық - продукты.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, жалмауыз кемпір атрибуты.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Қонаққа жалмауыз кемпір кіреді. Жалмауыз кемпір: - «Е, е, е –(айқайлап), мен сендерді қазір өзімнің үйіме алып кетіп, бір – бірлеп жеймін» - дейді. Жалмауыз кемпір: - Айтыңдар қане ертегілеріңді, ұнаса жемеймін, ұнамаса алып кетемін.	Жоқ жалмауыз кемпір, бізді ешқайда әкетпеші, біз саған ертегі айтып береміз
Іздену-ұйымдастырушы	Ертегініатау: «Түлкі мен қоян » ертегісі. Фланелеграфқа суреттерді жапсыра отырып,	Кейіпкерлерін атайды –қоян, түлкі . Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Бұл ойын

	түсіндіру. - Ұзын құлақ сұр қоян қашып келіп, бұта түбіне бұғып отырғанда, артынан бір қу түлкі ізіне түсіп, жортып келе жатыр екен. Қоянның екі құлағынан бас салып ұстап алды. Қоян түлкіні сол кезде алдап жіберіп, құтылып кетеді. - Бұл ертегіде қоян аңқау болса да, құлақ жасап, өз өмірін сақтап қалды. Ал түлкі керсінше, қоянға алданып қалды. Дид.ойын: «Ойлап тап!». Сергіту сәті.	арқылы жануарлар мінез-құлықтарын терең танып түсінеді.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Жалмауыз кемпір: - Балалар маған сендердің ертегілерің ұнады, сендерге тағы да келуге бола ма? Сау болындар.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады

### Тақырыбы: «Түлкі, түлкі, түлкішек».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерге бөлу, фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, ой-белсенділігін арттыру. Балалардың көркемдік, эстетикалық талғамын дамыта отырып, белсенділікке тәбиелеу. Ертегіге терең еніп, сұрақ – жауап арқылы тіл байлықтарын дамыту көзделеді.

Сөздік жұмыс: түлкі, қоян, үй, мұз, ағаш.

Қостілдік компонент:

Әдіс-тәсілдер: Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Жұмбақ жасыру: 1. Халық қу деп Қылған күлкі Бұл не ... 2. Қорқақ жасық Құлағы ұзын, Бұл не ...	Балалар жұмбақтардың шешімін табады. -Түлкі - қоян
Іздену-ұйымдастырушы	1) Балалар қоян мен түлкі ертегісін есімізге түсірейікші, кейіпкерлерін атап шығайық. Ертегі кейіпкерлерін фланелеграф тақтасына жабыстыра отырып, кейіпкерлерге мінездеме бергізу.	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп,

	Дидактикалық ойын: «Не артық?» Ойынның мақсаты: Танымдық қасиеттерін, ой-өрістерін, қызығушылықтарын арттыру. Сергіту сәті.	орындайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сабаққа белсенді қатысқан балаларды мадақтау, бағалау. Сұрақ – жауап бойынша сабақты қорытындылау.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

**Тақырыбы: «Қу түлкі мен қорқақ қоян».**

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін дұрыс, анық айту, сөйлеу мүшелерін дұрыс қолдана білуге жаттықтыруды, сөздік қорын дамыту, ертегі туралы алған білімдерін, ойын-жаттығу арқылы тиянақтау. Атрибуттар арқылы кейіпкерлер іс-әрекеттерін, әсерлі көңіл – күйлерін білдіре отырып, тілдерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту. Ойын арқылы балалардың көңіл-күйлерін көтеру.



Сөздік жұмыс:

Қостілдік компонент:

Әдіс-тәсілдер:

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Тосын сәт: Қонаққа ит келеді. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Ит: - Менімен ешкім дос боғысы келмейді, бәріде қорқады. - Балалар біз иттен қорқамыз ба?	- Сәлеметсің бе, ит. Саған не болды, сен неге сондай көңілсізсің? - Біз қорықпаймыз, сенімен дос боламыз.
Іздену-ұйымдастырушы	Бүгін біз «Түлкі мен қоян» ертегісін сахналаймыз. Сен келіп балалармен тамашала. Балаларға «Түлкі мен қоян» ертегісін естеріне түсіру. Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған балаларды көрермен ретінде тамашалауға отырғызу. Сергіту сәті: Көрермен балаларға сұрақ қойып, түсінгендерін тексеру.	Балалар Итті шақырады. Сұрақтарға жауап береді. Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы ал
Рефлексивті-коррекциялаушы	-«Балалар рахмет сендерге, мен бірсыпыра қуанып, көңіл көтеріп қалдым. Кеш батпай үйіме қайтайын. Сау болыңдар!» - деп кетіп қалады. Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау	Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау. Балалар көргендерін, түсінгендерін тексеру.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.

Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

**Тақырыбы:** «Түлкі мен қоян» ертегісін сахналау

Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау.

Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрыс орындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан

дүниесін түсіне білуге,оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу. Кейіпкер образын көрсете білуге, композиция құрауға үйрету, ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру.

Сөздік жұмыс: қоян, түлкі.

Көрнекіліктер: Ширма, кейіпкерлер атрибуттары, көрме

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Қонаққа ит келеді. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? - Менімен ешкім дос боғысы келмейді, қорқады. - Балалар біз иттен қорқамыз ба? - Бүгін біз «Түлкі мен қоян» ертегісін сахналаймыз. Сен келіп балалармен тамашала.	Сәлеметсің бе, ит. Саған не болды, сен неге сондай көңілсізсің? - Біз сенен қорықпаймыз және сенімен дос болуға дайынбыз
Іздену-ұйымдастырушы	Көрермен балаларға сұрақ қойып, түсінгендерін тексеру. Балаларға түлкі мен қоян ертегісін естеріне түсіру. Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған балаларды көрермен ретінде тамашалауға отырғызу. Сергіту сәті.	Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы алу.
Рефлексивті-коррекциялаушы	-« Балалар рахмет сендерге, мен бірсыпыра қуанып, көңіл көтеріп қалдым. Кеш батпай үйіме қайтайын. Сау болыңдар!» - деп кетіп қалады. Көрермендер балаларға сұрақ қойып, түсінгендерін тексеру. Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау	Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау.

### Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

**Білім беру саласы: Қатынас.**

**Сабак түрі: Ертегілер әлемінде**

**Тақырыбы: «Қоян мен түлкі».**

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлері арқылы мазмұнымен таныстыру. Сұрақ жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Мимикалық дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығармашылықтарын дамыту. Көңіл – күйлерін терең түсінуге, аяушылық сезімге, камқоршы болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Шалғы, ағаш және мұз үйшіктері.

Әдіс-тәсілдер: Қызықтыру, әңгімелесу, таныстыру, түсіндіру, әңгімелеу, ойынмен қызықтыру, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, Ерден ата қуыршағы.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балалар біздің бүгінгі сабағымызға Ерден ата келіпті. Ерден ата, біз сіздің келгеніңізге өте қуаныштымыз. Ерден ата: - Балалар сендер ертегілерді көп біледі деп естідім? - Ертегілерді жақсы көресіңдер ме? - Балалар ертегілерді естеріңе түсіріңдерші, қалай басталушы еді?	Балалар амандасады. - Әрине. - Иә. - «Ерте, ерте, ертеде...» деп немесе «Ерте, ерте, ерте екен, ешкі жүні бөрте екен...» деп басталады.
Іздену-ұйымдастырушы	Бүгінгі біздің ертегіміз «Қоян мен түлкінің үйшігі» деп аталады. Ертегіні баяндау. Фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру. - Ерте, ерте, ертеде бір қоян мен түлкі орманда өмір сүріпті. . . Қоян үйшігі ағаштан, ал түлкінің үйшігі мұздан жасалған екен. . . Д/о (мимикалық): Кейіпкерлердің көңіл - күйлерін салу.	Кейіпкерлерді атайды – Қоян, Түлкі, Ит, Аю және Әтеш. Ертегіні мұжият тыңдайды. - Қоян жылап тұр. - Ит пен аюдың қорықты. - Әтеш пен қоянның қуанышы
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорытындылау..	Ертегінің кейіпкерлерін атайды

### Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратад

**Тақырыбы: «Оқы да біл, ойна да күл».**

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерді таңдау, рөлдерді бөлу.

Фланелеграф арқылы - қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндау және тіл байлықтарын дамыту. Мейірімді, тату-тәтті, дос болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Шалғы, ағаш және мұз үйшіктері.

Қостілдік компонент: ағаш – деревянный, мұз – ледяной, домики - үйшіктері.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелесу, түсіндіру, өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтыру, кейіпкер таңдау, сұрақ - жауап

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға жұмбақ жасыру - «Сыбырдан қорқады, Шошынып жортады.	Жұмбақтың шешімін айтады: - Қоян.
Іздену-ұйымдастырушы	- Балалар қоян мен түлкі ертегісі естеріңде ме? - Кейіпкерлерді атап беріңдерші. - Ертегіде кейіпкерлердің мінезі қандай? - Ертегі соңында қоян ба, әлде түлкіні кім жеңеді? - Қоянға кім көмектеседі? Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларын түйіп айтқызу. Баланың түсінгеніне, жақсы қатысқанына қарай 5 кейіпкерді таңдап, рөлдерді бөлу. Сергіту сәті.	Қоян, Түлкі, Ит, Аю және Әтеш. Қоян мейірімді, қорқақ, аңқау, Түлкі қу, жаман, ит пен аю қорқақ, әтеш батыр, күшті болып келеді. - Әтеш. Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Қимылмен көрсетіп, орындайды
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. - Бұл ертегіде сендерге кім ұнады? - Қоян кіммен дос болып қалды?	Ертегінің кейіпкерлерін атайды

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.

Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

**Тақырыбы:** «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды».

**Мақсатары:** Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтуларын қадағалау, қимыл – қозғалыстарды көрсете білуді дамыту. Бір – біріне қиын жағдайда көмектесіп, ренжітпеуге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** дос, жау.

**Қостілдік компонент:** ағаш – деревянный, мұз – ледяной, дос – друг.

**Әдіс-тәсілдер:** Тәрбиелеу, түсіндіру, өткенді қайталау.

**Көрнекіліктер:** Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға тәрбиежағынтүсіндіре отырып, мақалдап айту. Мақал:Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды. - Бір – бірлеріңе дос болсаңдар ешкім сендерге тиіспейді де, ешкім сендерді ренжіте алмайды. Дос қиын кезде көмектеседі.	Сұрақтарға жауаптар береді. Мақалды қайталайды.
Іздену-ұйымдастырушы	Балаларға қоян мен түлкі ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару– Қоян, Түлкі, Ит, Аю және Өтешті. Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. Қате жерлерін түзетіп отыру.	Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы алу. Балалар сөздерді ашық, анық айтады.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. - Бұл ертегіде сендерге кім ұнады? - Қоян кіммен дос болып қалды?	Ертегінің кейіпкерлерін атайды

**Күтілетін нәтиже:**

**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

**Тақырыбы: «Көз көруге тоймайды, құлақ естуге тоймайды»**

Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Рөлдердің дұрыс орындалуын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: аңдар, достар, қосылып тұрды.

Әдіс-тәсілдер: Тәрбиелеу, түсіндіру, өткенді қайталау, тамашалату, сұрақ - жауап.

Көрнекіліктер: Ширма, кейіпкерлер атрибуттары.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балалар бұл кім? Қоян. Ал мынау кім? – деп, барлық кейіпкерлер шығарылап көрсетіледі. Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегіде ойнайды? «Қоян мен түлкі үйшік» ертегісінде.	Балалар қызығушылық білдіреді.
Іздену-ұйымдастырушы	Балаларға қоян мен түлкі ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару– Қоян, Түлкі, Ит, Аю және Өтешті. Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған балаларды көрермен ретінде тамашалауға отырғызу. Балаларға сөздерді ашық, анық, бар эмоциямен сахналатқызу. Көрермендерге қолдарын шапалақтатып, кейіпкерлер атрибуттарын қарсы алғызу.	Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы ертегіні аяқтау. Көрермендерге қандай кейіпкер жақсы ойнағанын сұрау. - Ертегі қалай аяқталады? Балаларды мадақтау, бағалау.	Ертегінің кейіпкерлерін атайды

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

**Тақырыбы: «Жеті лақ және қасқыр» ертегісі.**

Мақсаты: «Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып, тілдік қорларын байыту, ой өрістерін дамыту. Сұрақ - жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Мимиканың дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығарылауын дамыту. Көңіл – күйлерін көтеріп, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу..

Сөздік жұмыс: тоғай, лақ, ешкі, қасқыр.

Әдіс – тәсілдер: Сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын, сергіту, мадақтау, қорытындылау.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, суреттер, ойыншық жеті лақ, ешкі, қасқыр.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға суретті көрсетіп: - Бүгінгі жаңа ертегімен танысамыз « Қасқыр мен жеті лақ». - Балалар қасқыр туралы не білесіңдер? - Қандай жануар? - Ешкі, лақ қандай жануар? - Лақ туралы қандай өлең, тақпақ білесіңдер.	Балалар суретке назар аударады. Қайті аңдарға жатады. - Жабайы жануар. - Үй жануарлары. - Етімен, сүтімен пайдалы. Лағым-ау лағым, Ерке тотай шұнағым. Ағаштарды кемірсең, Құлағыңды жұламын
Іздену-ұйымдастырушы	Ертегінің атын атау: «Жеті лақ ...» Кейіпкерлерді атап таныстыру: - Ешкі, лақ, қасқыр сөздері Ертегіні әңгімелеу: фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру. Дидактикалық ойын (мимикалық) Мақсаты: кейіпкерлердің көңіл күйін салғыздыру. - ешкінің өтініші, - лақтардың ақылдылығы, - қасқырдың алдауы.	Сөздерді қайталайды. Ертегінің мазмұнын мұқият тыңдап отырады. Ойынға белсенді қатысады, әр кейіпкердің образына еніп, оның көңіл-күйін көрсетеді. Көлбең, көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Қасқыр қалай жүреді, Қасқыр былай жүреді.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы ертегіні аяқтау. Көрермендерге қандай кейіпкер жақсы ойнағанын сұрау. - Ертегі қалай аяқталады? Балаларды мадақтау, бағалау.	Ертегінің кейіпкерлерін атайды

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

**Тақырыбы: «Лақтарым менің, айналайын, лақтарым менің!»**

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, Ойын арқылы рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету және тілдерін дамыту. Мәнерлі сөйлесу дағдыларын жетілдіру, шығармашылыққа жете көңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аудару, сөз өнеріне, шешендікке баулу. Кейіпкерлер және олардың әрекеті жөнінде өзінің көзқарасын айта білуге үйрету. Фланеграф арқылы қызығушылықтар мен қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндаулары мен, тіл байлықтарын байыту.

Мейірімді, тату- тәтті дос болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Өмір сүріпті – жыли-были, ешкі – коза, лақтар – козлята, үй – избушка, домик, шеше – мать, бабушка, сүт – молоко, қасқыр – волк.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, үсіндіру, өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтыру.

Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреті.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға жұмбақ тапсыру: «сегіз тұяғы бар, иегінде сақалы бар» (ешкі)	Жұмбақты шешеді
Іздену-ұйымдастырушы	Балалар «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін естідіндер ме? Бірінші кейіпкерді атап шығайық: ешкі, лақ, қасқыр. - Бұл ертегіде кейіпкерлердің мінезі қандай? Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларындағы түйінін айтқызу. Балалардың түсінгендеріне, жақсы қатысқандарына қарай, кейіпкерлерді таңдап, рөлдерін беру. Сергіту сәті:	Балалар ертегі кейіпкерлерін аяйды. Ешкі – ақылды, жауапты. Лақтар – анасын тыңдайды, тіл алғыш. Қасқыр – жаман, жыртқыш, лақтарды жегісі келеді. Шөре – шөре лағым. Тентек болма шырағым, Секектеме, демінді ал. Селтеңдемей құлағың
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы ертегіні аяқтау. Көрермендерге қандай кейіпкер жақсы ойнағанын сұрау. - Ертегі қалай аяқталады? Балаларды мадақтау, бағалау.	Балалардың жауаптары. Балалар ойларымен бөліседі, түсінгендерін айтады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.



**Тақырыбы: Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге сүт әкелді!**

Мақсаты: Ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелеуге үйрету. Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға, сұлулықты тануға баулу.

Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтатынын қадағалау, қимыл – қозғалыстарын көрсете білуін дамыту. Бір – біріне қиын жағдайда көмектесіп, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыту.

Сөздік жұмыс: ешкімге ашпаңдар, темір ұста, ешкі, лақтар, алдады.

Қостілдік компонент: Дыбыс – голос, темір ұста – кузнец, ор – яма, қарын – брюхо, жиналды – собралась, ешкімге ашпаңдар – никому не отпирайте.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, өткенді қайталау, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға жұмбақ жасырады: Жарға шығып ойнайды, Ойыныңа бір тоймайды. Болса – дағы саналы, Секеңдеуді қоймайды. - Жақсы, дұрыс шештіңдер. Ақ, ақ секеңдейді лақ.	Жұмбақтың шешімін табады. - Ешкі
Іздену-ұйымдастырушы	Балаларға ешкі, лақтар және қасқыр ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару: жеті лақ (Балаларды) олардың қуаныштарын бөлісуі. Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. 3. Балаларға сөздерін ашық, анық бар эмоциямен айтқызу. III Сергіту сәті	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы ертегіні аяқтау. Көрермендерге қандай кейіпкер жақсы ойнағанын сұрау. - Ертегі қалай аяқталады? Балаларды мадақтау, бағалау.	Балалардың жауаптары. Балалар ойларымен бөліседі, түсінгендерін айтады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

### Тақырыбы: «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін сақналау.

Мақсаты: Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сақналау.

Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс әрекеттерін, әсер көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс: Есік қағу – постучать в дверь, жорту – рыскать, тыңдау – слушать, ән айту - петь, алдау – обхитрить, күтті - дождался

Әдіс-тәсілдер: Атрибуттармен қызықтыру, түсіндіру, өткенді қайталау.

Көрнекіліктер: ширма, кейіпкерлер атрибуттары.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Ертегі атрибуттарымен таныстырады. - Балалар бұл кім? - Ал мынау кім? - Ал мынау ше? - Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегі де ойнады?	Балалар қызықтап тамашалайды. - Ешкі. - Лақтар. - Қасқыр - «Жеті лақ және қасқыр» ертегісінде
Іздену-ұйымдастырушы	Балаларға жеті лақ және қасқыр ертегісін естеріне түсіру таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару. - Бұл ертегіде: Ұй жануарларына жатады. Етімен, сүтімен бізге пайдалы. Ешкі мейрімді анасы боласың, ал лақтар – ақылды, тіл алғыш боласыңдар. - Ал қасқыр – жаман, айлакер, жыртқыш болады. Жабайы жануар, Қауіпті аңдар қатарына жатады. Балаларды ширма жанына шығарып, сөздерін айтқызу. Қалған балалар көрермендер ретінде тамашалауға отырғызу. Балалар сөздерді ашық, анық бар эмоциясымен сақналатқызу.	Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар тақтаға шығады. Кейіпкерлерге мінездеме береді. Кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерді қайталайды. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкерлерді қарсы алады.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы ертегіні аяқтау. Көрермендерге қандай кейіпкер жақсы ойнағанын сұрау. - Ертегі қалай аяқталады? Балаларды мадақтау, бағалау.	Балалардың жауаптары. Балалар ойларымен бөліседі, түсінгендерін айтады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

### Тақырыбы: «Алтын айдарлы этеш» ертегісі».

Мақсаты: Ертегі мазмұнымен таныстыру. Сұрақ-жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру.

Міндеттері: а) Ертегінің не жайында баяндалғанын, қалай аяқталғанын, көмекші сұрақтарға сүйеніп, ауызша талдап, мәнісін түсіндіріп баяндауға үйрету.

Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелетуге үйрету, мәнерлі сөйлеу дағдыларын үйрету. Шығармашылыққа жете көңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аударту. Кейіпкерлер және олардың әрекеті жөнінде өзінің көзқарасын айта білуге үйрету.

ә) Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға баулу.

б) Көңіл күйлерін терең түсінуге, сұлулықты тануға, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу. Адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, Шопан ата қуыршағы.

Сөздік жұмыс. Айдарлы, оттық (қорадағы), сұлу, жетіген

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Қонаққа Шопан ата келді, Шопан ата, біз сіздің келгеніңізге өте қуаныштымыз. - Балалар, сендер ертегіні көп білесіңдер ме? - Ертегіні жақсы көресіңдер ме? Жұмбақтар жасырады. - Ендеше «Алтын айдарлы этеш» ертегісін тыңдаңдар.	Балалар амандасады. - Әрине. - Иә. Ертегі кейіпкерінің табады.
Іздену-ұйымдастырушы	Кейіпкерлермен таныстыру. Ертегіні айта бастау. Фланелеграфқа кейіпкер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру. Ертеде бір алтын айдарлы этеш пен мысық дос болыпты, екеуі бір үйде тұрыпты. Этешті, мысығы жоқта екі – үш рет түлкі алдап, алып кетеді. Тек мысық, үш рет барып, түлкіден қорғап, этешін алып қайтады. 2) Д/о. Кейіпкердің көңіл-күйлерін салу (мимикалық). Мысалы: Этеш, түлкіге алданып қалды. Түлкі – қу, айлакер Мысық – пысық, өжет, қамқоршы. III. Сергіту сәті. Этеш әнге басады Этеш ұйқы ашады.	Сұрақтарға жауап береді. Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы алу. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау. - Балалар ертегі ұнады ма? - Қызықты ма? - Кәне балалар, алтын айдарлы этешті қорғап қалған мысыққа қошеметтеп, қол соғып қояйық.	Балалардың жауаптары. Балалар ойларымен бөліседі, түсінгендерін айтады.

**Күтілетін нәтиже:**

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

**Тақырыбы: «Жібек шашақты сақалы бар, майға батырып алған тәрізді басы бар».**

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлеін таңдау, рөлдерді бөлу.

Балаларға сөздері мен қимыл қозғалыстарын үйрету. Көркем сөздер арқылы балалардың тілін, сөздік қорын, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін арттыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, еске түсіру, ойлау т.б. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

Байқағыштыққа, жауапкершілікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке, дос болуғатәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Өтеш, мысық, түлкі,

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Жұмбақ жасыру: - Ерте тұрады, жыр шақырыды. - От басында құмған, Екі көзін жұмған	Балалармен - Өтеш. - Мысық.
Іздену-ұйымдастырушы	Балалар, алтын айдарлы әтеш ертегісі естерінде ме? Суреттерді көрсете отырады. - Бұл ертегіде кейіпкерлердің мінездері қандай? Өтеш – аңқау. Мысық – ақылды, қамқор болады. Түлкі – қу, айлакер. - Ертегі соңында кім жеңеді? - Мысық па, әлде түлкі ме? - Өтешке кім көмектеседі? 2) Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ой түйінін айтқызу. 3) Балалардың қабілеттеріне қарай кейіпкерлерді таңдап, рөлдерді беру	Балалар ертегі мазмұнын естеріне түсіреді. Кейіпкерлерді атайды: - Өтеш, - мысық, - түлкі. - Мысық. Қандай мінез-құлықта болатынын айтады. Ертегіден көрініс үзіндісін сахналайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау. - Балалар ертегі ұнады ма? - Қызықты ма? - Көне балалар, алтын айдарлы әтешті қорғап қалған мысыққа қошеметтеп, қол соғып қояйық.	Балалардың жауаптары. Балалар ойларымен бөліседі, түсінгендерін айтады.

**Күтілетін нәтиже:**

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

### Тақырыбы: «Сымбатты әтеш».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін диалог бойынша орындауға үйрету.Балалардың ойлау, шығармашылық қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту.Фланелеграф арқылы сөздерін дұрыс, анық, ашық айтуларын қадағалау, қимыл-қозғалыспен көрсете білуді дамыту. Қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

Ұқыптылыққа, шеберлікке баулу, эстетикалық талғамын арттыру.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, өткенді қайталау, тамашалау, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: Суреттер театры, ойыншық Әтеш, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балалар бүгін біздің сабағымызға қонақ келеді. - Ол не екен? - Достар, бүгін мен сендердің топтарыңа, өзімнің сымбатты досым әтеш туралы айтайын деп келдім.	Балалар қызығушылық танытады. - Тауық. Балалар тыңдап отырады
Іздену-ұйымдастырушы	Балалардың естеріне алтын айдарлы әтеш ертегісін түсіру. - Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару. - Мысық қандай? - Әтеш қандай? - Түлкі қандай аң? - Қоян қандай? Түлкінің есту, иіс сезу қабілеті ерекше. Бірақ көзбен көруі - әлсіз. Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. Қате жерлерін түзетіп отыру.	Мысық, түлкі, әтеш. - Мысық ақылды. - Әтеш – аңқау, ақымақтау - Түлкі – қу, айлакер. - Ең сүйікті: тышқан, көжек, балықпен қоректенеді. Кейіпкерлерді атайды. Балалар сөздерді ашық, анық айтады.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау. - Балалар ертегі ұнады ма? - Қызықты ма? - Кәне балалар, алтын айдарлы әтешті қорғап қалған мысыққа қошеметтеп, қол соғып қояйық.	Балалардың жауаптары. Балалар ойларымен бөліседі, түсінгендерін айтады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Диалог бойынша орындайды.

Түсінеді: Кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз жақтарын біледі.

Қолданады: Суреттер театрыарқылы қимыл-қозғалыспен көрсетеді.

### Тақырыбы: «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін сахналау.

Мақсаттары:

а) Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау.

Ертегідегі кейіпкерлердің рөлдерін дұрыс орындауларын қадағалау.

Ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту.

ә) Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс-әрекеттерін, көңіл-күй әсерін білдіре отырып, сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрыс орындауларын қадағалау.

Ұқыптылыққа, мейірімділікке, шеберлекке баулу, эстетикалық талғамын арттыру.

б) Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, тамашалау, сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелеу.

Көрнекіліктер: Сахна, кейіпкерлер атрибуттар

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Сабакқа бір-бірден ертегі атрибуттары кіріп таныстырылады. - Балалар бұл кім? - Ал мынау кім? - Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегілерде ойнайды?	Мысық. Балалар барлық кейіпкерлер атайды. - «Алтын айдарлы әтеш» ертегісінде.
Іздену-ұйымдастырушы	Балалардың естеріне «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін түсіру. Бұл ертегіде мысалы: сен мысық – ақылды, қамқоршы боласың, әтеш – ақылсыз сенгіш боласың, ал түлкі сен – қу, жаман боласың дейміз. Қалған балаларды көрермендер ретінде тамашалауға отырғызу. Балаларға сөздерді анық, ашық айтқызып, бар эмоциясымен сахналатқызу. Көрермендерге қолдарын шапалақтатып кейіпкерлер атрибуттарын қарсы алғызу	Таңдалған кейіпкерлер - мысық, әтеш, және түлкіні тақтаға шығады. Балаларды ширма жанына шығады, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтады.

Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау. - Ертегі қалай аяқталды? Балаларды мадақтау, бағалау.	Балалардың жауаптары. Балалар ойларымен бөліседі, түсінгендерін айтады.
----------------------------	---	---

### Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

### Тақырыбы: Ертегілер әлеміне саяхат.

Мақсаты: «Ертегілер әлеміне саяхат» деген тақырыптағы сабақта балаларды қоршаған ортамен таныстыру ойлау қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ертегінің қалай басталып, қалай аяқталатыны жайлы ұғымын бекіту, есте сақтау, және қайта айтып бере алу дағдыларына үйрету.

Әдіс –тәсілдері: Көрсету, сұрақ – жауап,, түсіндіру, әңгімелеу.

Көрнекілік: Ертегі кітаптарды «Жеті лақ», «Шалқан» ертегілерінің стол үстіндегі көрінісі арқылы әңгімелеп беру, ғажайып орман көрінісі-құстар, тасбақа, орман аңдары пайдаланылады.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	«Ерте, ерте, ертеде» әуені . - Балалар, сендер «Ертегілер әлеміне» барғыларың келе ме? – Ендеше бүгін біз «Ертегілер әлеміне саяхатқа барамыз». Тосын сәт: Қызыл Телпек келеді. - Ертегі тыңдағанды жақсы	Балалар жәйлап кіреді. Музыка аяқталғаннан кейін қонақтармен сәлемдеседі. - Иә. - Сәлеметсіз бе!

	көресіндер ме?	Ұнайды, жақсы көреміз.
Іздену- ұйымдастырушы	<p>Ертегілер ертегілер әлеміне барар жолымыз ұзақ болады. Жолда бірнеше судан, үңгірлерден өтуге тура келеді. Үстел үстінде ертегі кітаптар, неше түрлі ертегілердің мазмұны бейнеленген ширмалар қойылған суреттер. - Қандай ертегілер? - Балалар, қараңдаршы, сендердің «Ертегілер әлеміне» келгендеріңізді біліп, қоян күтіп отыр екен. - Кім бізге қоян туралы тақпақ айтып береді?</p> <p>Балалар енді екінші ертегіге келе жатып, бір үңгірге тап болды, осы үңгірден бір бірлеп отейік. Ал, мынау қай ертегі? - Балалар, бұл ертегіні де айтады? - Енді лақ туралы тақпақты кім айтады? - Енді ғажайып орманға барып, құстармен танысамыз, деді.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Қарлығаш боп ұшайық Торғай болып қонайық Сауысқан болып секіріп, Тоқылдақ болып шоқиық.</p> <p>Судан өткен соң тағы бір ертегіге тап болады. - Балалар мынау қандай ертегі? - Балалар аю қалай жүреді? - Ой, балалар, біз нағыз «ертегілер әлеміне» келдік. - Бәріміз отырып қол соғайық. «Ертегілер әлемі» сахналық қуыршақ театры.</p>	<p>Балалар жолға шығады. Ертегі кітапханасына келеді. - Ол «Бауырсақ», «Үш аю», «Үйшік» ертегілері. Балалар кітапханадан шығып, ертегілер әлемінің бірінші «Қоянның үйі» ертегісіне келеді. кейіпкерлерін атап береді. - «Жеті лақ» Шөре- шөре лағым Тентек болма шырағым Секендеме, демінді ал Селтендемей құлағың Балалар келе жатып суға кездеседі. Судың көпірінен еңбектеп өтіп. - «Үш аю». Балалар Машаны, аюларды танып көрсетеді, түсіндіріп айтып береді. жапырақтары бар. - Қорбандап (балалар жүрісін салады)</p>
Рефлексивті- коррекциялаушы	Балалар, сендерге «ертегілер әлеміне » саяхат жасау ұнады ма? Онда қандай ертегілер көрдіңдер? Қызыл телпек балалармен қоштасып кетеді.	«Жеті лақ», «Шалқан», «Үш аю», «Үйшік», т.б.

### Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады

### Тақырыбы: Ертегі елі жермен келе жатыр.

Мақсаты:Ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету,

тілін дамыту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.

Әдіс –тәсілдері: сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелесу, өткенді қайталау, таныстыру.

Көрнекілік: қуыршақ театры, кейіпкерлерінің атрибуттары.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
------------------	------------------------	-----------------------



Мотивациялық-қозғаушы	Тәрбиеші: - Балалар, сендердің «Ертегілер әлеміне» барғыларың келе ме? Ендеше бүгін біз «Ертегілер әлеміне поезбен саяхатқа барамыз.» - қоян, түлкі, қасқыр кездеседі. - Балалар сендер олармен қай ертегіде кездестіңдер?	Балаларды қызықтыру. -Ия - Жолда - Түлкі, қоян, қасқыр - Жеті лақ пен қасқыр, Түлкі мен қоян, Бауырса
Іздену-ұйымдастырушы	Сабақ соңында балалардың жұмысына қорытынды жасайды. - Лақтар қандай? - Енді жағымсыз кейіпкерлерді атаңдар? - Олар кімдер? - Қасқырды неге жаман деп ойлайсындар? Ойын «Қасқыр мен аю».	Лақтар жақсы, анасын тыңдайды, ақылды. - Қасқыр. - Ол лақтарды жегісі келді. - Қасқыр зұлымдық жасағысы келді.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Балалар, сендерге «ертегілер әлеміне » саяхат жасау ұнады ма? Онда қандай ертегілер көрдіңдер? Қызыл телпек балалармен қоштасып кетеді.	«Жеті лақ», «Шалқан», «Үш аю», «Үйшік», т.б.

### Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді:Балалар қойылған сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беруге үйренеді.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

### БАУЫРСАҚ

(орыс халық ертегісі)

... Ертеде шал мен кемпір болыпты. Бірде шал: – Бүгін маған дәмді бауырсақ пісіріп берші, – дейді кемпіріне.

– Ұнның біткені қашан, бауырсақты неден жасаймын? – дейді кемпір.

– Қаптың түбін қағып, орнын сыпырсаң, біраз ұн да жиналып қалар, – депті

сонда шал.

Кемпір қаптың түбін қағып, төгілгенін сыпырып, екі уыстай ұн жинайды. Оған қаймақ қосып, қамыр илейді. Содан соң оны майға қуырады. Піскен бауырсақты терезе алдына суытып қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезеден жерге домалап түсіп, кемпір мен шалдан қашып кетеді. Домалап келе жатып ол қоянды кезіктіреді.

Қоян бауырсаққа:

– Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін, – дейді.

– Мені жеме, қоян. Мен саған өлең айтып берейін:

– Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап,

Апам екі уыс ұн жинап,

Қаймақ қосып шылап,

Ыстық майға қуырып,

Терезеге қойып суытқан.

Мен атамнан қаштым,

Әжемнен да қаштым.

Ал сенен, қашу, қоян,

Қиын емес маған! – деп бауырсақ домалай жөнеледі. Қоян аңтаң жолда қалады.

Қояннан құтылған бауырсақ домалай, домалай

орма

– Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін! – дейді.

– Жемеші мені, қасқыр. Мен саған өлең айтып берейін, – деп ол әндете жөнеледі:

– Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап,

Апам екі уыс ұн жинап,

Қаймақ қосып шылап,

Ыстық майға қуырып,

Терезеге қойып суытқан.

Мен атамнан қаштым,

Әжемнен да қаштым.

Қояннан да қаштым.

Босқа тұрсам ұтылармын,

Қасқыр, сенен де құтылармын!- бауырсақ домалап кете барады. Қасқыр артта қалады. Сол домалаған қалпы ол қорбаңдаған аюға жетіп тіреледі:

– Бауырсақ, бауырсақ, мен қазір сені жеймін! – дейді аю ақырып.

– Тоқтай тұр, аю, одан да менің өлеңімді тыңда, – деп бауырсақ әндете бастайды:

– Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап,

Апам екі уыс ұн жинап,

Қаймақ қосып шылап,

Ыстық майға қуырып,

Терезеге қойып суытқан.

Мен атамнан қаштым,

Әжемнен да қаштым.

Қояннан да қаштым,

Қасқырдан да қаштым.

Аюға келді кезек,

Одан да қашу керек! – деп жолын жалғастырады. Осылайша бауырсақ аюдан да құтылады. Аңқау аю ауызын ашып қала береді.

Алаңсыз домалап келе жатқан

бауырсақ енді қу түлкіні кезіктіреді.

Бауырсақты көріп, қуанып кеткен түлкі:

– Амансың ба, бауырсақ! Өзің қызарып әдемі болып кетіпсің, – дейді қулана.

Бауырсақ мақтаныштан әнін бастап жібереді:

– Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап,

Апам екі уыс ұн жинап,

Қаймақ қосып шылап,

Ыстық майға қуырып,

Терезеге қойып суытқан.

Мен атамнан қаштым,

Әжемнен да қаштым.

Қояннан да қаштым,

Қасқырдан да қаштым,

Аюдан да қаштым,

Түлкі, қазір сенен

Оңай қашып кетем!

– Әнің жақсы екен, – дейді қу түлкі. – Бірақ мен қартайдым, құлағым дұрыс естімейді.

Тұмсығыма шығып, өлеңіңді қайта айтшы, жақсылап тыңдап алайын.

Мақтау сөзге елпілдеп кеткен бауырсақ еш ойланбас тан түлкінің тұмсығына домалап

мініп, әндете жөнеледі.

– Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап ...

Сол-ақ екен, қу түлкі оны «ап» деп жеп қояды. Қарнын сипап бір тояды.

## ШАЛҚАН

(орыс халық ертегісі)

... Баяғы бір заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың бақшасы бар екен. Бірде шал шалқан отырғызады. Шалқан үп-үлкен боп өседі. Бір күні шал шалқанды жерден суырып алмақшы болады. Ары тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды шығара алмайды. Шал көмекке кемпірін шақырады. Кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Бірақ орнынан қозғалта да алмайды. Кемпір көмекке немере қызын шақырады. Немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Тағы да суырып шығара алмайды. Немере қызы итін шақырады. Ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады. Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, арыжұлқиды, бері жұлқиды. Шалқан шықпайды. Мысық болса, тышқанды шақырады. Тышқан келіп мысықтың құйрығынан, мысық иттен, ит немересінің етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстайды. Олар тарта-тарта ақыры шалқанды суырып шығарады

## ҮШ АЮ

(орыс халық ертегісі)

Ертеде бір кішкентай қыз болыпты. Бірде ол орманға барып, адасып кетеді. Қайтар жолды іздеп жүріп, қалың ағаштар арасында тұрған ескі үйге кезігеді. Есігі ашық тұр. Қыз ішке кіреді. Бөлмеде ешкім көрінбейді. Бұл үйде үш аю тұратын. Ең үлкені, әкесі – Михаил Иваныч, одан кейінгісі, шешесі – Настасья Петровна және олардың баласы – кішкене қонжық. Үшеуі бұл кезде орман аралап, серуендеп кеткен.

Бөлме ортасында үлкен ағаш үстел мен үш орындық тұр. Үстел үстіне ас құйылған үш ыдыс қойылған. Олардың біріншісі – үлкен табақ, екіншісі –

орташа табақ, үшінші – кішкене көк табақ. Әр ыдыстың қасында қасықтары жатыр. Қыз ең үлкен қасықты алып, үлкен ыдыс тағы тағамның дәмін татады. Астың дәмі ұнамайды. Содан кейін орташа қасық пен екіншісін, кішкене қасықпен үшіншісін көреді.

Бәрінен де оған көк табақтағы ас ұнады.

Қыздың қарны аш еді. Енді ол отырып тамақтану үшін өзіне орындық таңдайды. Ең үлкен орындық – Михаил Иванычтікі, одан кішірегі – Настасья Петровнакі, ал үшіншісі – қонжықтікі. Кішкентай қыз ең үлкен орындыққа шығып, одан құлап түседі.

Ортаншысына мініп еді, ыңғайсыз көрінеді. Көңілінен шыққан тек үшінші орындық болады. Қыз қонжықтың орындығына отырып, көк табақтағы тамақты ішіп алады. Қарны тойған ол кішкентай орындықты ары-бері шайқап ойнайды. Ақырында оны сындырып, өзі жерге құлайды. Қолымен қонжықтың қасығын қағып

жібереді. Қасық ұшып барып, бұрышта тұрған сандықтың астына кіріп жоқ болады.

Қыз орнынан тұрып, келесі бөлмеге кіреді. Бұл жерде үш төсек бар екен. Ең

үлкені – Михаил Ивановичі, ортаншысы – Настасья Петровнаікі, ал үшіншісі қонжықтікі. Қыз ең үлкен төсекке шығады. Бұл оған тым үлкендік жасайды. Одан түсіп, ортаншысына жатады. Ол биік көрінеді. Ыңғайлы болғаны – үшінші төсек. Қатты шаршаған қыз осы қонжықтың орнына жатып, тәтті ұйқыға батады. Бұл кезде орманды аралап шаршаған әрі қарындары ашқан аюлар үйлеріне оралған еді. Ішке кірген олар алдымен тамақтанбақшы болады.

Ең үлкен аю өз табағына қарап, жуан дауысымен:– Менің ыдысыма тиіскен кім?! – деп ақырады.

Настасья Петровна да ыдысына қарап: – Менің табағымды орнынан қозғалтқан кім?! – дейді ашуланып.

Кішкене қонжық жіңішке дауысымен: – Менің тамағымды мүлдем ішіп қойыпты, – дейді көк табақты қолына алып.

Үлкен аю енді үлкен қасығын ұстап: – Менің қасығымға тиіскен кім?! – деп ақырады жуан дауысымен.

– Менің қасығымды орнынан қозғалтқан кім? – дейді Настасья Петровна.

Қонжық жіңішке дауысымен: – Ал менің қасығым жоқ, – дейді жан-жағына қарап.

Михаил Иванович: – Кім менің орындығымды қозғалтқан? – дейді зор дауысымен.

Настасья Петровна болса: – Ал менің орындығымға отырған кім? – дейді.

Оның дауысы үлкен аюға қарағанда жайырақ шығады.

– Менің орындығымды біреу тіпті сындырып тастапты, – дейді қонжық жыламсырап.

Аюлар ішкі бөлмеге кіреді.

– Менің төсегіме жатқан кім?! – дейді Михаил Иванович ақырып.

– Ал менің төсегіме шыққан кім? – дейді Настасья Петровна басын шайқап.

– Ой, менің төсегімде біреу жатыр, – дейді қонжық таң қалып.

Аюлар қонжықтың төсегіне жақындайды. Маужырап ұйықтап жатқан кішкентай қызды көреді де, үшеуі жамырап:

– Қара мұны!

– Ұстандар! Ұстандар!

– Ұста оны! – деп айғайға басады.

У- шудан оянып кеткен қыз жанында тұрған үш аюды көреді. Қатты қорыққан ол ашық тұрған терезеден жерге секіріп түседі.

Алды-артына қарамай қаша жөнеледі. Қызды ұстай алмаған Михаил Иванович, Настасья Петровна мен қонжық үшеуі артта қалады.

## ҮЙШІК

Бұл орманда болған оқиға еді. Ашық алаңқайда кіп-кішкентай ескі үйшік тұрған. Бірде оны қасынан жүгіріп өтіп бара жатқан тышқан көреді. Тышқан тоқтап:

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды. Ешкім жауап қайтармайды. Тышқан бос үйшікке кіріп, осында тұрып жатады. Біраз уақыттан кейін үйшіктің маңына секіріп бақа келеді. – Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? –

Мен тықырлауық тышқанмын! Ал сен кімсің? – Мен бақылдауық бақамын. – Кел, бірге тұрайық. Бақа «бақ-бақ!» деп бақылдап, үйшікке секіріп кіреді. Тышқан екеуі тіл табысып, бірге тұрады. Енді үйшік қасына ытқып-ытқып қоян жетеді. – Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды. – Мен тықырлауық тышқанмын! – Мен бақылдауық бақамын. Ал сен кімсің? – Мен қорқақ қоянмын! – Кел, бірге тұрайық. Қоян да үйшікке кіреді. Осылай үшеуі бірге өмір сүре бастайды. Алыстан бұл үйшікті түлкі көреді. Ақырын басып жақын келіп, терезесін қағады да: – Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды. – Мен тықырлауық тышқанмын! – Мен бақылдауық бақамын. – Мен қорқақ қоянмын! Ал сен кімсің? – Мен қу түлкімін! – Кел, бірге тұрайық. Үйшіктен түлкіге де орын табылды. Достар енді төртеу болды. Үйшікке тілі салақтап, айналасына алақ-жұлақ қарап қасқыр жетеді. Ол есікті қағып, қырылдаған дауысымен: – Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды. – Мен тықырлауық тышқанмын! – Мен бақылдауық бақамын. – Мен қорқақ қоянмын! – Мен қу түлкімін! Ал сен кімсің? – Мен сұр қасқырмын! – Кел, бірге тұрайық. Қасқыр қысыла-қымтырыла ішке кіреді. Әйтсе де кіп-кішкентай үйшікке бесеуі де сыйып кетеді. Барлығы қосылып, ән айтады. Тату-тәтті өмір сүреді. Бір күні жидек теріп жүрген аю үйшік тұрғындарының салған әнін естиді.

Ол үйшікке жақын келіп, бар дауысымен: – Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп ақырады. – Мен тықырлауық тышқанмын! – Мен бақылдауық бақамын. – Мен қорқақ қоянмын! – Мен қу түлкімін! – Ал мен болсам, сұр қасқырмын! Ал сен кімсің? – Мен қорбаңбай аюмын! – Кел, бірге тұрайық. Аю ары-бері тырбындап үйшікке кірмекші болады. Бірақ оның басы енгенімен, денесі сыймайды. Амалы таусылған аю: – Ендеше мен үйшіктің шатырына шығып тұрайын, – дейді. – Жоқ, сен дәусің! Сені кішкентай үйшігіміз көтере алмайды. Қиратасың ғой, – деп шырылдайды іштегілер. – Қорықпаңдар, түк те болмайды, – деп аю олардың сөздеріне құлақ аспайды. Кіп-кішкентай үйшіктің тұрғындары амалсыздан келіседі. Аю қорбаңдап үйшіктің төбесіне шығады. Сол-ақ екен, ескі үйшік сықырлап, шашылып қалады. Тықырлауық тышқан, бақылдауық бақа, қорқақ қоян, қу түлкі, сұр қасқыр – барлығы аман-есен үйшіктен шығып үлгереді. Аюға олар ренжімейді. Қайта барлығы бірігіп, бөренелерді тасып, тақтайларды сүргілеп, жаңа үйшік тұрғызуға кірісіп кетеді. Осылайша, достар өздеріне әп-әдемі, жап-жаңа үйшік соғып алыпты.

## ТҮЛКІ МЕН ҚОЯНДАР

Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Құйрығының жоқтығы оған бек қатты залал келтірген, өйткені жүрген ізін жасыра алмайды. Әрдайым түлкінің артына түсіп аңдып жүріпті. Бір күні қасқыр барып оның ініне кіреді. Егерде түлкі інінің басқа жағындағы аузынан шығып кетпесе өлтіріп тастар еді.

Әлден соң түлкі ағаш ішіне кіріп кетіп, ағаштың түбінде тұрған қоянды көреді. Ол мезгілде қояндардың құйрығы ұзын болып, шапшаң жүргендеріне ыңғайсыз болып тұрушы еді. Сол жерде түлкі қоянды ұстап алып, өлтірмекші болып жатқанда қоян сұрайды:

- «Мені өлтірме, саған құйрығымды берейін», деп уәде қылады.

Мұнысына түлкі көніп, екеуі сол жерде құйрықтарын айырбастапты.

Сонан бері түлкінің құйрығы ұзын болып, қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.

## ҚОЯННЫҢ ҮЙШІГІ

(орыс халық ертегісі)

Орманда түлкі мен қоян өмір сүріпті. Түлкінің үйшігі мұздан, ал қоянның үйі ағаштан болыпты.

Көктем келіп, күн жылынғанда түлкінің үйшігі, әрине бірден еріп кетті.

Бойы мұздаған түлкі қоянға келеді. -Қоян, қоян! Мені кіргізші, жылынып алайын!

Жылпос түлкі осылай алдап-сулап, аңқау қоянның үйшігіне кіріп алып, ақыры оны үйінен қуып шығады.

Қоян жылап келе жатып, иттерге кезігеді.

-Қоян, қоян! Не болды саған? Соншалықты қамығып кетіпсің ғой?

-Қалай жыламаймын? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды. Енді міне, баспанасыз тентіреп жүргенім...

-Жылама! Біз ол оңбағанды қазір-ақ қуып шығамыз.

Иттер жиналып, қоянның үйіне келеді.

-Аф, аф, аф! Әй, түлкі, шық қане! Босат, қоянның баспанасын!

-Аха! Шықсам шығайын! Бірақ, мен далаға шықсам, сендерге жақсы болмайды ғой ! Барлығыңды быт-шыт қыламын!-деді түлкі қорқытып. Иттердің үрейі ұшып кетті. Басы аманда қашып құтылуды ойлап, тайып тұрады. «Үйі жоқтың – күйі жоқ» деген. Қоян қаңғи-қаңғи шаршап, тағыда жылай бастайды. Алдынан аю шығады.

- Қоян-ау, не болды. Сонша неге жылайсың?

- Жыламаған да қайтемін? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.

- Жылама! Мен оны қуып шығамын.

- Жо-оқ! Қуып шыға алмайсың. Иттерде қуып шыға алмады.

- Көресің, қуып шығамын.

- Аю үйшіктің алдына келіп:

- Түлкі, шық! Босат қоянның үйін! – деп ақырады.

- Түлкі болса пеш үстінен:

- Шықпаймын! Шықсам саған жаман болады! Быт-шытыңды шығарамын! – деп қорқытты. Аюдың үрейі ұшып кетті. Басы аманда қашып құтылуды ойлады.

Амалы құрыған қоян тағыда жылай бастады. Қараса, жанынан алтын айдарлы әтеш өтіп барады. Қолында күмістей жарқыраған шалғысы бар.

- Қоян, қоян! Неге жылап отырсың?- деп сұрады.

- Жыламай қайтейін? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.

- Жылама! Мен оны қазір қуып шығамын!

- Жо-жоқ! Қуып шыға алмайсың! Иттер қуды, қуа алмады. Аю қуды, қуа алмады. Сенде қуа алмайсың!

- Жүр, көрерсің! Қуамын!

- Екеуі үйшік жанына келді. Әтеш қатты дауыстап өлең айта бастады.

- Шөп шабамын, шөп шабамын! Түлкіні іздеп табамын. Қоянның үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын!

Түлкі қорқып кетіп: Киініп жатырмын», - дейді.

-Шөп шабамын, шабамын! Түлкіні іздеп табамын. Қоян үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын! - деп әтеш қайта әндете бастайды.

Түлкі сасқалақтап: «Қазір-қазір, тонымды киіп жатырмын!» - дейді.

Әтеш әнін үшінші рет қайталай бастайды. Түлкінің зәресі ұшып кетеді.

Аман – сауында зыта жөнеледі. Сөйтіп, қоян ержүрек әтештің көмегімен қайтадан өз үйінде тұра бастайды.

### ҚАСҚЫР МЕН ЖЕТІ ЛАҚ

Ертеде бір ешкінің жеті лағы болыпты. Біреуі қара, қалғандары ақ лақ екен. Орманға баруға жиналған ешкі лақтарын шақырып алып, ақылын айтады:

- Шырақтарым-лақтарым,

Ешкімге есік ашпаңдар!

Орманда қасқыр жүр.

Мен келгенде:

«Шырақтарым-лақтарым,

Аналарың келді,

Сендерге сүт әкелді!

Қорықпаңдар, лақтарым,

Маған есік ашыңдар!»), - деп әндетемін.

Осы кезде терезе сыртында тұрған қасқыр оның сөзін естіп қалады. Ешкі кетісімен қасқыр есікті қағып, өзінің жуан дауысымен оның әнін айтады. Бірақ лақтар оның бөтен дауыс екенін біліп, есікті ашпайды.

Қасқыр саудагерге барып бор сатып алды. Бордың бір кесегін жегенде даусы аздап жіңішкерді. Осы дауыспен қасқыр келіп:

- Шырақтарым-лақтарым,

Аналарың келді,

Сендерге сүт әкелді!

Қорықпаңдар, лақтарым,

Маған есік ашыңдар!, - ән айтып еді, лақтар тағы алданбады.

Қасқыр ұстаға барып, өзіне тамақ жасатып алды – даусы ешкінікі сияқты жіңішке болып шықты. Қасқыр тағы ешкінің үйіне келеді де:

- Шырақтарым-лақтарым,

Аналарың келді,

Сендерге сүт әкелді!

Қорықпаңдар, лақтарым,

Маған есік ашыңдар!, - әнін бастайды. Бірақ жаңа дауыстың да көмегі болмады –

лақтар аяғын көріп қойып, ашпай қойды.



Қасқыр жылдам наубайшыға барып, аяғына себетін ұн сатып алды. Қасқыр есік алдына қайтіп келді, ақ аяғын лақтарға көрсете созып тұрып:

- Шырақтарым-лақтарым,

Аналарың келді,

Сендерге сүт әкелді!

Қорықпаңдар, лақтарым,

Маған есік ашындар! - депәнге басты.

Лақтар сеніп есік ашты! Қасқыр үйге кіріп келгенде лақтар жан-жаққа қашып, тығылып қалды. Қасқыр олардың бәрін де тауып, жеп қойды. Тек біреуін ғана байқамай қалды ол сағаттың артына тығылған еді. Қарны тойған қасқыр ағаш көлеңкесіне жата кетіп ұйқыға кірісті.

Ұзамай ешкі үйіне оралды. Есікті итерсе, есік ашық тұр. Ешкі үйге кіріп, лақтарын шақырады. Аман қалған лақ қарсы шығып, болған жайды айтып береді. Ешкі мен лағы үйдің артына шығып қараса, қасқыр көгалда шалқасынан түсіп қорылдап жатыр екен. Ешкі мүйізімен қасқырдың қарнын жарып жібергенде алты лақ шыға келеді. Бәріде аман-есен. Ешкі мен лақтардың қуанышында шек болмады.

Қасқыр оянбай тұрғанда ешкі оның қарынын таспен толтырып, қайта тігіп қояды. Шөлдеген қасқыр су ішпек болып құдыққа барады. Сол кезде ішіндегі ауыр тастар оны төмен тартып, қасқыр құдыққа құлады да, батып кетті.

#### АЛТЫН АЙДАРЛЫ ӘТЕШ

Ертеде мысық, барылдауық торғай және бір алтын айдарлы әтеш дос болыпты. Олар орманда, бір үйде тұрыпты. Мысық пен барылдауық торғай орманға отынға барады, әтешті үйде қалдырады. Кетіп бара жатып айтып кетеді:

—Біз алысқа кетеміз, сен үйде қаласың. Бірақ үйден шықпа, түлкі келетін болса, терезеге жақындама.

Әтештің үйде жалғыз екенін естіген түлкі келіп, терезенің түбіне отырып әнін бастайды:

—Алтын айдарлы әтешім,

Майлы басты әтешім,

Жібек сақалды әтешім,

Терезеге қарашы,

Менен бұршақ алшы.

Әтеш басын шығарып қарады, сол кезде түлкі әтешті мықтап ұстап алып, өзінің ініне қашты. Әтеш бар дауысын салып айқалады:

— Қара орманға,

Ағынды өзенге,

Биік тауларға,

Түлкі алып барады,

Құтқарыңдар мені!

Мысық пен барылдауық торғай естіп қалып, түлкіні қуып жетеді де әтешті алып қояды.

Келесі жолы мысық пен барылдауық торғай орманға отынға барады. Әтешке тағы айтады:

— Біз осы жолы алысырақ кетеміз, сенің дауысыңды естімейміз. Сен терезеге қарама.

Олар отынға орманға кетті, ал түлкі тағы келіп өзінің әнән айтты:

— Алтын айдарлы әтешім,

Майлы басты әтешім,

Жібек сақалды әтешім,

Терезеге қарашы,

Менен бұршақ алшы.

Әтеш дыбысын шығармай отыр. Ал түлкі тағы әнін бастады:

— Балалар жүгіреді,

Бидай шашылады,

Тауықтар шұкиды,

Әтешке бермейді...

Әтеш шыдамай басын шығарып:

— Ко-ко-ко! Қалай бермейді?

Түлкі тағы да әтешті ұстап алып, сол кезде түлкі әтешті мықтап ұстап алып, өзінің ініне қашты. Әтеш бар дауысын салып айқалады:

— Қара орманға,

Ағынды өзенге,

Биік тауларға,

Түлкі алып барады,

Құтқарыңдар мені!

Мысық пен барылдауық торғай естіп қалып, түлкінің соңынан түседі. Мысық жүгіріп барады, барылдауық торғай ұшып барады...

Қуып жетіп— әтешті тартып алады.

Біраз уақыт өткен соң, мысық пен барылдауық торғай отынға орманға жиналады. Кетерде әтешке тағы қатал түрде тапсырады:

— Түлкі келсе оны тыңдама, терезеден қарама, біз ары қарай алыс кетеміз, сені естімейміз.

Сонымен мысық пен барылдауық торғай орманға кетеді. Сол кезде түлкіде келіп, әнін бастиды:

— Алтын айдарлы әтешім,

Майлы басты әтешім,

Жібек сақалды әтешім,

Терезеге қарашы,

Менен бұршақ алшы.

Әтеш дыбысын шығармай отыр. Ал түлкі тағы әнін бастады:

— Балалар жүгіреді,

Бидай шашылады,

Тауықтар шұкиды,

Әтешке бермейді...

Әтеш дыбысын шығармай отыр. Ал түлкі тағы әнін бастады:

— Адамдар жігірді,  
Жаңғақтар шашылды,  
Тауықтар шұқиды,  
Әтешке бермейді...

Әтеш шыдамай басын шығарып:

— Ко-ко-ко! Қалай бермейді?

Түлкі тағы да әтешті ұстап алып, сол кезде түлкі әтешті мықтап ұстап алып, өзінің ініне қашты, қара орманға, ағынды өзенге, биік тауларға...Қалай әтеш айқаласады, көмекке шақырсады — мысық пен барылдауық торғай оны естімеді.

Үйге қайтып келгенде — әтеш үйде жоқ екен. Мысық пен барылдауық торғай түлкінің ізімен жүгіре жөнелді. Түлкінің ініне жүгіріп келді. Мысық өзінің аспабын күйіне келтіріп, әндете бастады:

—Трень, брень, гуслиі,

Алтын ішектері...

Түлкі бикеш бар ма,  
Өзінің жылы үйінде ме!

Түлкі тыңдап-тыңдап, ойлады:

— Көрейін, кім ол сонша жақсы ойнап, тәтті ән айтып отыр.

Түлкі інінен шығып еді. Сол кезде мысық пен барылдауық торғай оны ұстап алды — ұрып-соқты. Түлкі зорға құтылып кетеді.

Әтешті себетке отырғызып, түлкіден қорғап, әтешін алып қайтады.

Содан бері бәрі тату, бақытты ғұмыр кешеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Тіл ашар», Алматы - «Жалын», 1989 ж.
2. ҚирабаевС., МырзалиевҚ.«Қазақ әдебиеті» Алматы -«Мектеп»,2001 ж.
3. «Алақай»хрестоматиясы - Көркем сөз әлемі, Алматы - «Аруна» баспасы.
- 4.«Мен және бәрі, бәрі, бәрі» хрестоматиясы,Алматы - «Аруна», 2006 ж.
5. Әмірова Ә.«Дәстүрлі тәрбие», Алматы - «Арда», 2006 ж.
6. Қожахметова Х. «Мәнерлеп оқу», Алматы - «Мектеп», 1982 ж.
7. ҒабдуллинМ.«Қазақ халықының ауыз әдебиеті», Алматы: 1964 ж.
- 8.Нүсіпбекова М.И., Сейілгазинова С.А. «Қарлығаш» хрестоматиясы, Астана – «Арман-ПВ», 2007 ж.
9. «Халық ауыз әдебиеті», Алматы: 1974 ж.
10. «Отбасы және балабақша» журналдары.
11. Ғаламтор.



**«Бекітемін»**

**Мектеп директоры:**

**М.Ж. Дуйсенбаев**

**«Келісемін»**

**Оқу ісінің орынбасары**

**А.Б. Абдуайтова**

**«Қаралды»**

**ӘБ жетекшісі**

**Хаттама № 1 «27» 08 2021**

**Вариативтік компонент жоспары**

**«Бояулар патшалығы»**

**Мектепке дейінгі «Қарлығаш» аралас топ**

**Тәрбиеші: Арин Кенжегул**

**2021-2022 оқу жылы**

**Бағдарламаның құрастырушысы Екібастұз қаласы №5 сәбилер бақшасы әдіскері, Сымтикова Жанаргуль  
Кабдылхамитовна**

Барлық адам балалық шағында суретші болады.  
Дегенмен біршамасы ғана өскенде сол бағытынан айнамайды.  
Пабло Пикассо

**Түсінік хат**

Қоғамдағы адамзаттық қажеттіліктер артқан сайын, кез-келген өзгерістерге шығармашылық арқылы жету, мәселелерді дәстүрлі емес және сапалы шешетін, қоғамның жылдам ырғақпен дамуына байланысты, адамдарды жағдайлары тез ауысатын өмірге дайындау қажет. Қоғамның жеке тұлғаның шығармашылық ынтасына деген қажеттілігі неғұрлым табанды болса, соғұрлым шығармашылық мәселелердің стимулын және жағдайын, оның шығу көзін теориялық тұрғыда тереңірек қарастыру қажет. Қазіргі білім беру стратегиясы барлық білім алушыларға өз таланттарын және шығармашылық талаптарын, жеке жоспарларын іске асыруларына мүмкіндік жасауда. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктерімен педагогтар хабардар болып, оларды үздіксіз дамытып «арттырулары» қажет. Ұжымдық немесе жеке оқу түрі болсын бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әрекеттерімен байланысты ойлау қабілеттерін дамыту өзекті мәселе.

Білім берудің негізгі мақсаты өсіп келе жатқан ұрпақты болашаққа дайындау болып табылады. Шығармашылық – бұл осы мақсатты тиімді іске асырушы жол. Шығармашылық – дамудың көрсеткіші креативтілік болып табылады. Қазіргі ғылыми зерттеулер тұлғада шығармашылық дамыту бұл жалпы дамуға қайталанбас ықпал беретінін дәлелдейді: эмоциялық сферасы қалыптасады, ойлауы жетіледі, әсемдікке, өнерде және өмірде бала сезімтал бола бастайды. Сабақтағы шығармашылық тапсырмалар тұлғаның жалпы шығармашылығының дамуына, бұл өз кезеңінде қайырымдылықты, қиялды, образдық – ойлауды, есті белсендіріп, байқампаздықты, интуицияны тәрбиелеп, баланың ішкі әлемін қалыптасуына себепші болады. Шығармашылық, шығармашылық қабілеттер және олардың дамуы адамзаттың мәңгі мәселелерінің бір қатарына жатады. Ғылыми білімдердің даму тарихында бұл мәселе әртүрлі мектептердің және бағыттардың зерттеушілерінің назарын өзіне аударып келеді. Ерте кезде-ақ философтар шығармашылық феноменды аңғаруға және адам дамуына ықпалы қаншалықты екенін анықтауға ұмтылды ( Платон, Аристотель, Ф.Аквинский, И.Кант). Орыс философиясында шығармашылық зор түсініктердің бірі екендігін мойындайды (В.С.Соловьев, В.Н.Лосский, И.А.Бердяев). Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеде қабылдау үшін балада өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болуы қажет. Өнерді қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді. Бұл жағдайда ол үшін бейнелеуді алғашқы міндет бейнелеуді шындықтың көрінісі ретінде қабылдау болады. «Боялар патшалығы» үйірмесі балаларды сурет салуға үйрету барысында балалардың айналыны қоршаған ортаға, туған табиғатқа және өмірдегі болып жатқан оқиғаларға деген жағымды сезімдерін ояту, балалардың бейнелеу дағдысы мен шеберлігін қалыптастыру міндеттерін шешуді жоспарлайды.

Үйірмені ұйымдастыру барысында балалардың байқампаздығы, эстетикалық қабылдауы мен көңіл күйі, көркемдік талғамы және шығармашылық қабілеті кемелдене түседі. Балаға берілетін еркіндік оның жұмысқа деген жауапкершілігін арттырып, қиялына қанат бітіреді, баланы аса бір қуанышқа бөлейді. Сурет сабақтарында бала өзімен өзі болып, көбіне өз қабілетіне қарай өзіндік туынды жасайды. «Боялар патшалығы» үйірмесін ұйымдастырудың негізгі мақсаты балаларды дәстүрлі емес жолмен сурет салу техникасына үйрету.

«Боялар патшалығы» бағдарламасында қолданылатын әдістер-тәсілдер:

баланың қолын жазуға жаттықтырады;

– түстерді өз беттерімен үйлестіре білуге, есте сақтап сурет салуға, сурет тақырыбына байланысты образдарды құруға, қимыл – қозғалыстарды бейнелеуге, заттардың түр-түсін беруге жаттықтырады;

–шығармашылықты, қайсарлықты, тұрақтылықты дамытуға жағдай жасайды; алға қойған мақсатқа қол жеткізе білу, соған жету үшін кездескен қиындықтарды жеңе білу сияқты қасиеттерге тәрбиелейді.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік –эмоционалдық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен елестетуін дамыту. Сурет салудың түрлі бейнелеу іскерліктері мен дағдылары арқылы балалардың эстетикалық талғамын дамыту. Сурет салудың барлық түрлеріндегі іскерліктерін жетілдіру, бейнеленетін бейнелерді түсіну қабілеттерін тәрбиелеу мен эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.

Міндеттері

Қоршаған ортаны көркемдік қабылдауын дамыту;

Қоршаған орта туралы білімін нақтылау;

Қиялын, байқағыштығы мен әлемді бейнелі қабылдауын дамыту.

Заттар мен қоршаған ортадағы құбылыстарды түсінуі мен затқа қарап, пішінін, заттардың қатынасын, бөліктерінің орналасуы мен түсін бейнелеу тәсілдеріне үйретуді жалғастыру.

Сурет салудың техникаларын, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастырып, сурет салу барысында дұрыс отыру, қылқаламмен және қарындашпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту.

Сурет салуға керекті материалдар мен құралдардың қасиеттерімен таныстыру.

Балалар әдебиеті суретшілерінің шығармаларымен, бейнелеу өнерінің алуан түрлерімен таныстыру.

Іс-әрекет мәдениетіне тәрбиелеу, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істеуге үйрету.

Қол бұлшық еттерін, ұсақ моторикасын дамыту;

Сурет салудың түрту, монотипия, алақан, саусақпен сурет салу, кляксография тәсілін үйрету;

Сурет салудың шашырату тәсілін қолдана отырып сурет салуға үйрету;

Басқа да қосымша құралдармен сурет салуды үйрету (гуашь, акварель, воск қарындашы, жай және түрлі-түсті қарындаштар мен фломастер.

оңға қарай біртіндеп жүйелі тегіс бояу, сулау (дымқылдау) тәсілі, үрлеу тәсілі, бояуды шашырату арқылы сурет салу, үзіліссіз сызу, тамшы бояудан бейнеге келтіру, таяқшамен, саусақпен, қауырсынмен сурет салу тәсілдерін, қос бүктеп беттестіру арқылы симметриялы заттардың суретін салуды үйренеді;

- Балалар қылқаламды еркін ұстап сызықты жіңішке, жуан, жалпақ түсіруге, бояуды қалыңдау жағу үшін қылқаламды көлбеу ұстап қаттырақ басу, сызықтың түрлеріне қарай бағытын өзгерту, қолдың қимыл қозғалысы мен көз мөлшерінің үйлесімділігін дамиды;
- Суреттің барлық бөлігін біркелкі бояуды үйренеді;
- Бояу түстерін тандап үйлесімді бере білуге дағдыланады;
- Бейнелеу өнерінің мәнерлеу құралдарын меңгеріп, сурет салуға деген қызығушылығы артады.
- Баланың көркем өнер туралы білімі қалыптасады;
- Шығармашылығы дамиды;
- Авторлық бағытта бейнелей біледі;
- Отбасы және балабақша арасында ынтымақтастық орнайды;
- Балалардың іскерлік қабілеті дамып, эстетикалық талғамы артады;
- Бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншіліктері оянады;
- Балалар бірқатар графикалық және кескіндемелік білім мен дағдыларды меңгеріп, қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстарды талдауға үйренеді;
- Жеке басының табандылық, мақсаттылық, ұқыптылық, еңбексүйгіштік сияқты қасиеттері қалыптасады;

Вариативтік компонент

Бояулар патшалығы

Мектепке дейінгі шағын орталық. Аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағат.

№	Сабақтың тақырыбы	сағат	Мерзімі
1	«Алтын күз»	1	06.09.2021
2	Түрлі-түсті таспалар	1	13.09.2021
3	«Түлі түсті орамал»	1	20.09.2021
4	«Бұлт күнді жапты»	1	27.09.2021
5	Кілемше	1	04.10.2021
6	«Кесені әшекелейміз»	1	11.10.2021
7	«Сүлгіні әшекелейміз»	1	18.10.2021
8	«Тікенекті кірпі»	1	25.10.2021
9	«Тәселкені әшекейлеу»	1	01.11.2021
10	«Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)	1	08.11.2021
11	«Кұстар»	1	15.11.2021
12	«Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр»	1	22.11.2021
13	«Қыстағы шуақты күн.»	1	29.11.2021
14	«Түзу жолда, мен жүремін тура»	1	06.12.2021
15	«Мерекелік отшашу»	1	13.12.2021
16	«Ұзын құлақ сұр қоян»	1	20.12.2021
17	«Аққала»	1	27.12.2021
18	«Қысқы шыршалар»	1	03.01.2022
19	«Сиқырлы таяқшалар»	1	10.01.2022
20	«Қар кесегі»	1	17.01.2022
21	«Атама арналған тымақ»	1	24.01.2022



22	«Әдемі көйлек»	1	31.02.2022
23	«Саты»	1	07.02.2022
24	«Қуыршақтың мойынорағышы»	1	14.02.2022
25	«Анама арналған моншақтар»	1	21.02.2022
26	«Кесені әшекелейміз»	1	28.02.2022
27	«Алжапқышты әшекейлейміз (киімнің жиегіне ұлттық ою – өрнек.)»	1	07.03.2022
28	«8 Наурыз мерекесімен құттықтау ашықхаты»	1	14.03.2022
29	«Күн жарқырап, шөп өсті»	1	14.03.2022
30	«Бақбақ»	1	28.03.2022
31	«Балапандар көк шалғында»	1	01.04.2022
32	«Машина»	1	08.04.2022
33	«Кілемше»	1	11.04.2022
34	Атама арналған тымақ.	1	18.04.2022
35	«Сылдырмақ»	1	25.04.2022
36	«Қуыршаққа арналған сақина»	1	25.05.2022
	«Қуыршаққа арналған сақина»		

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Алтын күз»

**Мақсаты:** Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Күз, күз, кел, кел, Қорықпаймын ешқашан. Суық, суық, жел, жел, Далада, далада, Өте әдемі. Алтын күз, алтын күз, Көңілді келді.

Тиын да жақсы бейне таспа бар екен., тиын сол бейнетаспаны бізге көрсетуге келіпті.

Тыныш отырып көреміз.

Балалар тиын бізге табиғаттың көрінісін көрсетті. Ормандағы ағаштар және жерге түскен жапырақтарды.

Жапырақтардың түсі қандай?

Балалар осы көріністі «Алтын күз» деп атауға болады.

Енді ормандағы ағаштардың күзгі көрінісін әдемі сурет етіп саламыз.

Балалар аққағазда

Ағаштың діңі салынған, сол ағашқа сары түсті бояумен жапырақ саламыз. Қылқаламды сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске бояймыз. Ол үйілген сары жапырақтар. Сергіту сәті: Балалар күн шықты!

Балалар күнді бұлт жапты! Балалар жел соқты!

**Қорытынды** Күзгі табиғи ерекшеліктерді. Ормандағы әр – түрлі ағаштар болатындыған. Басып, жасау тәсілімен жапырақтарды салуды.

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:**«Түрлі түсті таспалар»

**Мақсаты:**Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояуменсызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояудыжағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ққыптылыққа тәрбиелеу.

Балалар ортаға шығып шаттық

Шеңбер құрамыз. Қолдарымыздан ұстаймыз да жылы сөздер айтамыз. Біз ақылдымыз! Біз доспыз! Біз бақытты баламыз! Балалар менде әдемі сандық бар.

Сандықтың ішінде не бар екен.

Балалар сандықтан шыққан мынау не екенін кім біледі?

Мынау не балалар?

Иә, дұрыс айтасыңдар балалар, таспалардың түстері әртүрлі екен. Кәне бірге айтайықшы: қызыл, сары, көк, жасыл таспалар бар екен.

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар!

Ал енді қолдарыңды сүртіндер. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымыздан жел есіп. Кіп – кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі.

**Қортынды:**

Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

Арақашықтықты сақтай отырып бірдей іздер салуды.

Қылқаламның ұшын баса отырып бірдей бояуды дұрыс пайдалануды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:**«Түлі түсті орамал»

**Мақсаты:** Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.

Балалар менің иығымда жауылып тұрған не? Мен нені жамылып тұрмын?

Бұл орамал. Оны орамалды жамылып, оранып жүгендіктен орамал деп атаймыз. Орамал әдемі ме?

Орамалдың түсі қызыл шаршы пішінде. Орамалдың шашақтары бар.

Кәне, балалар шашақ, орамал деген сөздерді бірнеше рет қайталайық.

Балалар сендер осындай әдемі орамалдың суретін салып беріндерші. Өйткені орамалды біздің аналарымыз, әжелеріміз жақсы көреді. Олар оны сәнді және жылы болуы үшін бастарына салады. Өз аналарыңа не әжелеріңе арнап орамалды безендіреміз.

Кәне, балалар алдыларыңдағы орамалдың Суреті салынған, сол орамалдың ортасында дөңгелекті қызыл түспен, ал бұрыштарын сары түспен бояңдар.

Артынан шашақтарын жасаңдар. Сергіту сәті: Доп – доп добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Бір, екі деп екі ұрдым,

Шатырға сен секірдің.

Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Үстел үстін бүлдірдің,

Тарелкені сындырдың,

Тұрмын сені жазалап.

**Қортынды:**

орамалдың не үшін қажет екенін. шаршы пішінді орамалды әшекейлеуді. бояуды біркелкі тегіс жағуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:**« Бұлт күнді жапты»

**Мақсаты:** Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүюге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сұр бұлт, түсі суық,

Қаптайды аспан. Күз келіп дымқыл тұман, Жерді басқан. Балалар далаға қарандаршы.

Далалада күн бұлтты болып тұр. Бұлт күнді жиі жауып тұрады. Өйткені күз мезгілі келді.

Кәне, балалар мына сөздерді айтып тілімізді жаттықтырамыз: сұр бұлт, ақ бұлт, күз. Мына суретке қарандаршы. Бұл суретте ауа – райының бұлтты екенін көрсеткен. Кәне, балалар осы суретке қарап күннің көзін жапқан бұлттың суретін саламыз. Күздігүні аспан түсті болмайды. Сұр бұлтты, көк түсті болады. Алдымыздағы қылқаламды сұр түске бояп, аспанды көк түске бояймыз.

Сергіту сәті: «Қуырмаш»

Бас – бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Бір үйде біз нешеуміз?

Біз үйде біз бесеуміз.

Жарайсыңдар балалар!

**Қортынды:** күзгі табиғаттағы ерекшеліктерді. күн де бұлт та аспанда болатындығын. тамшыны дөңгелекке, сопақшаға ұқсатып, айландырып бояуды.

### Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

**Вариативтік компонент:** «Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Кілемше»

**Мақсаты:** Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекейлеу білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге қонаққа әже келіпті. Әже бізге өзінің кілемін ала келіпті. Оны неге әкелді? Қандай кілем?

Әжей: Дұрыс айтасыңдар балалар кілем үлкен, кіші болады. Төрт бұрыш, әдемі өрнектері болады. Қазіргі кілемшелер суреттерімен де болады. Әр пішінде өрнектермен ілемдер болады. Түстері әр – түрлі болады.

Балалар мына кілемшеде қандай түстерді көріп тұрсыңдар?

- Балалар әжейдің кілемшесі аз екен, әжейге кілемше жасап береміз бе? Ол үшін біз кілемшенің суретін салуымыз керек. Әжейде жолақшалары бар кілемше жоқ екен. Кәне, бәріміз қосылып төрт бұрыш саламыз, ал енді түзу жолақша сызық арақашықтарын бірдей, әдемі етіп саламыз.

Сергіту сәті:

Кілемшеге отырып,

Аралаймыз бәрін біз.

Оңға – солға шайқалып,

Күлімдейміз шаттанып.

Керемет . Жарайсыңдар балалар!

### Қортынды

қонақты қалай құрметтеп қарсы алуды.

кілемдер әртүрлі екенін, соның ішінде жолақша кілем болатынын.

арақашықтарын бірдей сақтап, түзу сызықтарды сыза білуді.

### Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

**Вариативтік компонент:** «Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Кесені әшекейлейміз»

**Мақсаты:** Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрып, «жүрек жылуы» ұшырады.

Балалар мына қоржынды шопан атай жайлаудан беріп жіберіпті.

Кәне, балалар қоржынды бірге ашайықшы.

Балалар ішіндегі хат бар екен. Сендерге оқып берейін.

«Балалар қалдарың қалай? !

Жайлауда қозы – лақтар секіріп ойнақтап жүр. Барлығы жақсы. Бірақ бір мәселе болып тұр. Мереке болса жақындап қалды, соған көп қонақтар келеді, ал менің наурыз көже құйып беретін кеселерім аз. Сендер тура осындай кесені маған жасап бересіңдер ме?»

Балалар мына суретке қараңдаршы. Бұл кеселердің сыртындағы үлгілері әр – түрлі. Балалар көбінесе кеселердің сыртында гүлдердің суреті болады, және ою – өрнектердің суреттері әшекейленген. Кеселер әр – түрлі болады: үлкен және кіші мына тақтада «қой ізі» мен «тұмарша» оюының суреті ілініп тұр.

«Тұмарша» деген ою үш бұрышты тұмарға ұқсағандықтан «тұмарша» деп атайды. Ал, «қой ізі» деген ою, қойдың ізіне ұқсағандықтан «қой ізі» деп атайды.

Кесе сыртын «қой ізі» оюымен қорнектейміз.

Қоңыр түсті гуашьпен көрсетілген сұлбаны бастырамыз, бұл ізге ұқсастықтан арақашықтарын сақтаңдар.

Саусақ жаттығуы.

Саусақ жаттығуларын жасайды.

Екі қолмен қайшылайды.

Медуза қимылын жасайды.

Жұм – аш жасайды.

**Қортынды:**

Керемет жарайсыңдар! шопандар жыл мезгіліне байланысты қоныс аударып, жазда жалауда тұратынын.

Қазақтың әр-түрлі ою - өрнектері ішінде

«тұмарша» мен қой ізі өрнектерін жасауды.

«Қой ізі» өрнектерін салуды, атаға көмектесуді, жақсылық жасауды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Сүлгіні әшекейлеу»

**Мақсаты:** Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру. Балалар бүгін бізге қонаққа Алма келіпті. Алма жақында әжесінің туған күні болатынын айтады. Алма әжесіне сүлгі сыйлағысы келеді екен. Ол сендерден көмек сұрап келіпті.

Алмаға көмек береміз бе?

Алмаға сүлгіні әшекейлеуге көмектесеміз.

Балалар сүлгі бізге не үшін керек?

Сүгіні төртбұрыш, үшбұрыш өрнектермен өрнектеуге болады.

Ал енді ортасына үшбұрышты өрнегін саламыз. Артынан шеттеріне шашақтарын жасаймыз.

Сергіту сәті:

Ақ матадай түгі бар,

Қызыл – жасыл гүлі бар.

Жұмсақтығы мамықтай,

Сүртінесің жалықпай.

Тазалықтың досы-

Сүлгі деген осы.

**Қортынды:**

Сүлгігің әртүрлерін, тазалық үшін маңызын

Маңайындағы адамдарға, достарға көмек көрсету қажеттігін.  
Қылқаламды, мөртаңбаны пайдаланып сүлгіні әшекейлей білуді.

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Тікенекті кірпі»

**Мақсаты:** Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтырды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру.

Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге тиын қонаққа келіпті. Ол өзінің досы туралы жұмбақ жасырғысы келетінін айтады:

Бір мақұлық бар екен төрт аяқты,

Таңыпты арқасына мың тікенді.

Ашуланса аяқ-қолын көрсетпей ді,

Көресің көзің салсаң ғажайыпты.

Балалар мына суретке қараңдаршы кірпінің тікенектері көп болады. Ол бірдеңеден қорықса домаланып жиырылып қалады. Кірпі орманда көп жүреді. Ол алманы, саңырауқұлақты және басқалармен қоректенеді.

Сөздік жұмыс: тікенекті кірпі. Балалар тиын сендерге өзінің кірпі досының суретін салып беруді сұрайды. Тиынға салып береміз бе? Балалар алдыларыңда үзік сызықпен көрсетілген кірпінің суреті берілген, сол суретті бастырып шығасыңдар. Ал, енді ішін бояңдар. Балалар кірпінің несі жетіспей тұр. Дұрыс айтасыңдар тікенектері жетіспей тұр. Олай, болса тікенектерін салыңдар. Тікенектерді тік сызықтармен арақашықтарына қарап сызасыңдар. Сергіту сәті:

Ал, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Жоғары – төмен қарайық, Орнымызды табайық.

**Қортынды:**

Тікенекті кірпі туралы түсінікті.

Достардың әрқашан бір – біріне көмектесуі қажет екендігін.

Үзік сызықтарды қосып, қысқа, түзу сызықтарды сызу арқылы кірпіні салуды.

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Тәрелкені әшекейлеу»

**Мақсаты:** Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жұмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру. Балалар бізге бүгін қылқалам қонаққа келіпті. Қылқалам: Балалар сендер қандай ою түрлерін білесіңдер? Балалар мен өзіммен бірге дайын табақтар ала келдім, ол табақтардың шетінде, ортасында ою – өрнектермен өрнектелген. Балалар табақты не үшін пайдаланады? Балалар табаққа көңіл бөліп қараңдаршы.

Балалар мына суретке қараңдаршы мына суретте дөңгелек, үшбұрыш пішіндермен өрнектелген. Балалар табақ шетінде сызықпен жүргізілген.

Балалар алдыларыңда табақтың суреті берілген, сол табақтың сыртында, ортасында сызықпен өрнек көрсетілген. Табақты өрнекпен әшекейлеңдер. Балалар өрнектерді бастырып шығыңдар, артынан жасыл, көгілдір түсті гуашьпен, табақтың шетіне солдан оңға қарай мөртаңба арқылы орындалатын үшбұрышты өрнекті салыңдар.

Балалар өрнекті мақта оралған таяқшамен салуға болады. Балалар бұл өрнекті «тұмарша» деп атайды. Балалар табақтың ортасына үлкен дөңгелекті, артынан кіші дөңгелекті салыңдар. Ал, енді табақтың шетіне «тұмарша» өрнегін салып шығыңдар.

Сергіту сәті:

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де,

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды

Жүгіртеді қаламды,

Өнерлі екен он саусак!

Қала салсақ, жол салсақ.

**Қортынды:**

Ою – өрнек элементтерінің атауын.

Тәрелкенің не үшін қажеттігін.

Мөртаңба, қылқалам, мақталы таяқшамен жұмыс істеу дағдыларын.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)

**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Аю, қасқыр жолбарыс,

Арыстанмен піл барыс.

Ойыншықтар тұрыңдар,

Ойын – сауық құрыңдар.

Кәне, балалар ойыншық бұрышынан өздеріңе ұнайтын ойыншықтарды алып, сипаттап беріңдерші.

Сөздік жұмысы: жаңа ойыншықтардың атауылары. Балалар мына суретке қараңдаршы. Осы суреттегі ойыншық атауларын атаңдар.

Ал, балалар енді осы ойыншықтардың түріне, түсіне, пішініне талдау жасайықшы.

Балалар алдыларыңда мұнара мен көліктің суреті берілген. Ол сурет үзік сызықтармен берілген.

Балалар енді осы екі суретің біреуін тандап, қарындашпен бояңдар, артынан сыртына шығармай бояумен бояңдар. Сергіту сәті:

Ал балалар тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып алайық.

**Қортынды:**

Ойыншықтар не үшін қажет екендігін.

Ойыншықтар туралы түсініктерін тереңдетеді.

Сүйікті ойыншықтарының суретін салуды, түрлі түсті қарындашпен тегіс бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Құстар»

**Мақсаты:**Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу.

Торғай, торғай торғайсың,

Таяу келіп қонғайсың.

Жем берейін тойып ал,

Сонда аязға тоңбайсың.

Балалар бері жақын келіп терезенің алдына келіндерші. Даладағы құстардың сайраған дауысына көңіл бөліп тыңдайық.

Балалар бұл көктем мезгілінің келгенін білдіреді. Көктемде күн жылынып, құстар жылы жақтан ұшып келеді. Құстардың сайраған дауыстары жақсы естіледі. Балалар құстар қанаттарын қағып ұшады. Құстар қалай сайрайтынын бәріміз қосылып дыбыстайықшы.

Балалар құстарға қамқор болу керек. Оларға жем беру керек. Ұя жасап ағашқа іліп қою керек. Балалар мына суретке

қараңдаршы. Бұл құстардың суреттері. Қандай құстарды көріп отырсындар атайықшы: торғай, қарлығаш, көкек, шымшық, қарға, тоқылдақ.

Ал балалар осы суретке қарап құстардың бейнесін салыңдар.

Кәне, балалар суретке қарап құстың денелері қандай пішінде болатынын айтайықшы.

Денесі сопақша, басы дмалақ, тұмсығы, қанаттары үшбұрыш, аяқтары жіңішке таяқша сияқты болады екен. Ал, енді балалар торғайдың бейнесін ауа да салып көрейікші. Балалар алдыларында торғайдың суреті берілген, сол суретті біркелкі, сыртына шағармай бояңдар.

Сергіту сәті: Торғай болып ұшайық, Ұшып – ұшып алайық. Бүркіт болып аң аулап, Қыран құс боп самғайық. **Қортынды:** Құстарды қорғап, қамқорлық жасау керектігін. Құстардың көктемдегі тіршілігі жайындағы түсініктерді. Құстың суретін сызықтың сыртына шығармай біркелкі бояуды.

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:** «Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Жапалақтап алғашқы қар жауды тұр»

**Мақсаты:** Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана біуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағашқа, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Көк түс пен ақ түстің бір – бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Балалар терезенің алдына келіндерші. Далада не жауып тұр? Дұрыс айтасындар қар жауып тұр. Даланың бәрі аппақ болып, әдемі болып тұр.

Балалар қазір қай мезгіл?

Қыс мезгілінде ауа – райы қандай болады?

Қардың түсі қандай?

Дұрыс айтасындар айнала аппақ, қар жауып тұр. Ауа – райы суық, аяз.

Балалар мына суретке қараңдаршы. Бұл орманның суреті. Орманда айнала аппақ, тып – тыныш

Балалар ал енді көз алдыларыңа қарды елестетіп, тыныс алу жаттығуын жасаңдар. Балалар енді бәрің бірге сурет дәптерге жауып тұрған қардың суретін саласындар. Қарды сүйкеп жағу арқылы жағасындар. Бұл ттардан жауып келе жатқан қарды қылқаламмен, жердегі жатқан қарды тіс пастасымен

саласындар. Сергіту сәті:

Қар жауыпты далаға,

Қар жауыпты қалаға.

Сырғанаймыз енді біз,

Отырып ап шанаға.

**Қортынды:**

Қыс мезгілі басталғанда алғашқы қар жауатынын.

Қар аспаннан жерге қонақтап, жер бетін басып қалатындығын.

Таяқшамен жағу арқылы қар суретін салуды.

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:** «Бояулар патшалығы»



**Тақырыбы:** Қыстағы шуақты күн.

**Мақсаты:** балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Қысым-ақ, қысым-ақ,

Жібердің қысып-ақ.

Қалмаспыз біз деген,

Боранға ұшырап.

Аппақ қар жауа бер,

Риза гой саған ел!

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінің қандай ерекше белгілері бар?

- Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?

-Қыс мезгілі.

-Суық, аяз, қар жауады, боран болады. Судың бетіне мұз қатады т.б.

**Сергіту сәті:**

Қолды белге қояйық, Басты оңға бұрайық. Басты солға бұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып қалайық.

-Бүгін қыстың бір жайдарлы, жылы, шуақты күнін салып көрейік. Алдарындағы үлгі ретіндегі үлкен суретке назар аударыңдар. Жылы, аспан ашық, қыстағы шуақты күн.

—Енді өзіміз осы қыстағы шуақты күннің суретін салып үйренейік. Суретті салу жолдары, орындалу реті түсіндіріледі.

**Қортынды:**

қыс мезгілінің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін біледі.

Қыс бейнесінде күнді салу арқылы көңілді, шуақты қыс бейнесін көрсете білу іскерлігін.

Әр жыл мезгілінің ерекшелігін ескеруді, қоршаған орта, табиғатқа деген қамқорлық жасаудың қажеттігін меңгереді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:**«Тұзу жолда, мен жүремін тура»

**Мақсаты:** Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Мойныны моншақ іліп - ап,

Мысық жатыр пырылдап.

Шырылдайды шегіртке,

Мысықтың мазасын алып. -Балалар бізге бүгін қонаққа мысық әдемі болып келіпті. Көңіл бөліп қараңдаршы. Қолында бояуы бар екен.

Мысық:

Мен сендерге арнап ұнтаспаға қоятын әуен ала келдім. Оған қоса әдемі бояу ала келдім. Бүгін бояумен сурет салуды үйренейік.

Кәне, балалар бояулардың

Атауын атайық:сары, ақ, қызыл, көк, дасыл, күлгін, қара.Кәне, балалар ұнтаспадағы әуенді тыңдаймыз.Ой! балалар жақсы әуен екен.Кәне, балалар осы әуенді тыңдап, неше түрлі жүрістермен жүрейік.Жарайсыңдар балалар! Ал, енді мысықтың жүргісі келіп тұр.Алдымен боялған сулы қағаздың үстімен жүреді де, содан соң таза қағазды басып жүріп, ізін көрсетеді. Көрдiңдер ме мысықтар, адамдар жүрген кезде артынан із қалады.Әсіресе қыста қарды басқанда артынан із қалады.

Балалар кәне бәріміз бірге «бояу, із» деген сөздерді айтайықшы:

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар! Ал енді қолдарыңды сүртіндер. Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымыздан жел есіп.

Кіп – кішкентай ағаштар,

Үлкен болып өседі.

**Қортынды:**

Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында. Арақашықтықты сақтай отырып бірдей іздер салуды. Қылқаламның ұшын баса отырып бірдей бояуды дұрыс пайдалануды

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:** «Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** « Мерекелік отшашу»

**Мақсаты:** Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Үзік сызықтарды үйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету. Қоршаған ортаны бақылап, оның өзгерістерін байқай білуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, өз өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Балалар мына бейне таспаға қарандаршы. Бұл бейне таспада қандай мерекені көрдіңдер.

Мереке сендерге ұнайды ма?

Мереке де адамдар көңілді жүр.

Мереке де тағы не көрдіңдер?

Мереке де отшашу жаққанда айнала жап – жарық болып, әдемі түстерге боялады. Отшашу мерекенің нағыз сыйы. Адамдар көтеріңкі көңіл күймен жүреді.

Балалар Сендерге отшашау ұнаса суретін салайық. Суретті бастамас бұрын сергіту сәтін жасайық.

Кәне, кәне, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Тұрсақ енді шеңберге,

Алақанды ұрайық.

Оң жақтағы балаға,

Сол жақтағы балаға.

Шапалақта, шапалақ

Шапалақта, шапалақ.

Алдарындағы сурет дәптерде өзіміз тұратын қаланың суреті берілген, жақында еліміздің туған күні болып өтті. Сонда өте әдемі, жарқыраған оттары көп отшашулар атылды, Бояудың өздеріңе ұнаған түстерін пайдаланып, қылқаламмен сызық арқылы сол отшашу бейнесін салып көрейік. Балалар отшашу түрлі түсті жарыққа бөленуі үшін қызыл, сары, жасыл, көк түстерді пайдалануға болады.

**Қортынды:**

Мерекеде аспанда отшашулар шашылатынын.

Отшашуды тек аспанғаату керектігін.

Қарындашпен әдемі етіп түрлі түсті сурет салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Ұзын құлақ сұр қоян»

**Мақсаты:**Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу  
Балалар бір – бірімен қолдарын ұстасып амандасады да, жақсы көңіл күй сыйлайды.

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.

Ұзын құлақ, жылдам аяқты, сәбізді жақсы көретін, ол не?

Балалар мына суретке қараңдаршы.

Бұл суретте нені көріп тұрсыңдар?

Балалар қоян қайда тіршілік етеді?

Балалар қоянның құлағы неге ұзын?

Қоян қалай жүреді?

Дұрыс айтасыңдар балалар қоян өте сезімтал, жылдам секіріп жүреді, Қояндар қорқақ болады. Балалар қоянның түсі қандай?

Олай болса ұзын құлақ сұрқоянның суретін салайық

Қоянның дене мүшелерін: басын дөңгелек, денесін үлкен сопақша, аяқтарын кіші сопақша дөңгелектер болады.

Балалар осы көсетілген үлгілер бойынша қоянның суретін саламыз.

Балалар сурет әдемі болу үшін сұр түсті қарындашпен немесе бояумен солдан оңға қарай бояуға болады.

Сергіту сәті. Қояным, қояным, Орныңнан тұршы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Бетіңді жуушы, Қолыңды жуушы, Орныңда секіріші!

**Қортынды:**

Қоянның дене мүшелерінің атауларын. Қоянның дене мүшелерін, жейтін азық түрлерін. Суретті түрлі түсті қарындашпен біркелкі етіп бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Аққала»

**Мақсаты:**Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту, Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір – бірімен қосу арқылы салуды үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?Қыс мезгілінде ауа- райы қандай болады?Балалар қыста қар жауады. Балалар қармен ойнайды. Сырғанақ ойнайды.

Аққала туралы жұмбақ:

Мені ешкім өсірген жоқ,

Мені қардан жасаған.

Мұрным – сәбіз, ернім – ағаш,

Аппақ қармын, мәссаған!

Үп – үлкенмін, сүп – суықпын,

Ал, атымды айтады кім?

Балалар бөлмеде Аққала бар, соны тауып беріңдерші. Балалар алдыларыңда үзік сызықпен көрсетілген Аққаланың

Суреті берілген, сол суретті бастырып, бояймыз. Балалар сызықтың сыртына шығармай бояңдар.

Сергіту сәтіі:

Ауыл алды аққала,

Ақша қарда балалар .

Соғып жатыр Аққала,

Жалқауы жоқ жұмысқа.

Керемет, Жарайсындар балалар!

### **Қортынды:**

Қыста болатын өзгерістер жайлы .

Ақққаланы үлкен – кіші дөңгелектерді қосу арқылы салуға болатындығын.

Қылқаламмен дайын дөңгелектердің ішін сызықтан шығармай бояуды..

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Қысқы шыршалар»

**Мақсаты:** Балалрдың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.

Аппақ, аппақ жапалақтап,

Қар жауады тынбастан.

Қалың орман, қар жамылған,

Маужырайды түңгі аспан.

Балалар терезеден далаға қараңдаршы.Даладағы ағаштардың бәрін қар жауып қалған.Қыста ауа – райы суық, аяз болады. Орманды да аппақ қар жауып қалалды, орманда ақ қардың бетінде аңдардың ізі қалады

Балалар сендерге ақ ұлпа қарлар ұнайдыма?

Ормандағы шыршаны аппақ қар жапқан көрініс ұнайды ма?

Олай болса сурет дәптерде ормандағы шыршалардың суреті берілген, сол суретті тіс пастасымен ақ қардың суретін саламыз.

Мақта оралған таяқшаның көмегімен тіс пастасын алып, шыршаның төбесіне бояңдар. Қар жамылған бейнесін бейнелеңдер. Сүйкеп жағу арқылы жағады.

Негізгі көрініс аясын көкшіл түспен бояуға болады.

Сергіту сәті:

Ақ көрпесін жапты да,

Аяз кенет аптыға,

Айналаны үрледі,

Ақ бораны гуледі.

### **Қортынды:**

Қыста ағаштардың қар жамылатынын, қардың ағаштарға пайдасын.

Қыста ағаштың жапырақтары болмайтынын.

Мақта оралған таяқшамен сүйкей жағу арқылы қардың суретін

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:**«Сиқырлы таяқшалар»

**Мақсаты:** Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп жаттықтыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек, таяқшаларды салуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.

Кел, балалар күлейік,

Күлкіменен түлейік.

Күлкі көңіл ашады,

Күліп – күліп жүрейік. -Балалар бізге бүгін Айсана қонақа келіпті.

- Сәлеметсіңдер ме балалар!

- Балалар мен жолда келе жатып, сиқырлы қорапша тауып алдым, ол қорап біздерді сурет салуға үйретеді. Сендер сурет салғанды ұнатасыңдар ма?

Қорап ішінде неше түрлі таяқшалар бар. Бар сиқыр осы қарындаштың қшында екен. Бұл сиқырлы таяқшалар.Балалар қарындашты алып қатты баспай әдемілеп сызықтар сызамыз. Қызыл, сары, жасыл, көк түстерімен сызамыз.Ол үшін бізге қатты қағаз керек. Қарындашты оң қоға, үш саусақпен ұстап, қатты баспай сызықтар, нүктелер, дөңгелектер сызамыз. Балалар Айсананың досы күлдіргіштің қолындағы шарларының жіптері үзіліп қалыпты. Шарлар жеңіл болғандықтан ұшып кетуі мүмкін. Өздерің қалаған түспен шарды бояймыз да, жіп тағып сызып қоямыз. Сергіту сәті: Оң саусағым шаршады, Сол саусағым шаршады. Саусақтарым бірігіп, Билеп, билеп алады. Жарайсыңдар балалар! **Қортынды:** Қарындашпен дұрыс сурет салуды, қарындашты үш саусақпен ұстауды. Әртүрлі суреттер салуға болатындығын. Сызықтар, дөңгелектер салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Қар кесегі»

**Мақсаты:** Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір – біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Тіс пастасын сұқ саусақты малып, қар кесегін салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

Аппақ, аппақ жапалақтап,

Қар жауады тынбастан.

Қалың орман, қар жамылған,

Маужырайды түнгі аспан.

Балалар сендер балабақшаға келе жатқанда жерде нені көрдіңдер?

Қардың түсі қандай?

Қардың түсі аппақ, өзі суық. Балалар сендер қолдарына қарды ұстасаңдар, қолдарың тоңып қалады.

Жұмбақ:

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тоңады,

Ол не? Балалар иллюстрациялық суреттерді көрейік.Балалар қар жылдың қай мезгілінде жауады?Қыс мезгілінің басқа мезгілден айырмашылығы

неде?Балалар сендер қармен далада не істейсіңдер?Қайтып ойнайсыңдар?Дұрыс қар кесегімен ойнайсыңдар. Ал енді қарт кесегін көз алдыларыңа

елестетіп, қолдарыңа ұстап, жентектеп бір – біріне лақтырған қимылды жасаңдар.Балалар енді сурет дәптерде берілген қар кесегінің суретін, сұқ саусақты иіс пастасына батырып қар кесегінің бейнесін салыңдар. Қарды көп салып, үлкен қар үйіндісін жасайсыңдар.

Сергіту сәті: Ақ көрпесін жапты да, Аяз кенет аптыға, Айналаны үрледі, Ақ бораны гуледі,

**Қортынды:**

Қыс мезгіліндегі табиғаттағы құбылыстарды.

Қардан әртүрлі бейнелер жасауға болатынын.

Сұқ саусақпен қар кесегін салуды.

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** Атама арналған тымақ.

**Мақсаты:** балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру, қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап-қадірлеуге тәрбиелеу.

Балаларға қонаққа қарт атай

(жоғары сынып оқушысына рөл

ойнатуға болады) келеді. Ол өзімен

бірге балаларға сыйлыққа құрт ала келеді. - Балалар, атай сендерді дұрыс ести алмай отырған сияқты, себебін сұрап та үлгердім. Атай баскиімсіз жүрем деп, құлағына суық тигізіп алыпты. Атайдың құлағы жақсы естуіне көмектескілерің келе ме? Атай сендерге сыйлығын алып асығып келе жатқанда, боран басындағы тымағын ұшырып, ол қалың болғандықтан, тек қыс айларында ғана қолданылады. Өзінің пішініне қарай ол бас пен желкені, мойынды суықтан, қатты желден қорғайды. Себебі құлақшалары болады. Тымақ жануарлар терісінің сыртынан қалың матамен қапталып тігіледі. **Сергіту сәті:** Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық. - Балалар, енді үлгі ретінде ілінген суретке қарап отырып, тымақтың суретін салып, қонаққа келген атамызға тарту етейік. Зер салып қарап алыңдар, тымақ неше бөліктен тұрады? Оның әрқайсысын жеке салған дұрыс па, әлде біріктіріп саламыз ба? Ата балаларға алғысын білдіреді. Тапсырманы жаңсы орындаған балаларды тәрбиеші ерекше атап шығады. Тымақ деген қандай болатынын білесіңдер ме? Адамдарға арналған баскиім.

**Қортынды:** Ер адамның баскиімі тымақ туралы мәліметтерді, оның қандай бөліктерден құралатыны туралы біледі. Тымақтың суретін салу дағдысын игереді. Тымақтың түрімен бірге құлақшадан тұратынын және оның тері сыртынан қалың матамен қапталып тігілетінін меңгереді.

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Білім беру саласы:**«Шығармашылық»

**Бөлімі:**Сурет салу

**Тақырыбы:** «Әдемі көйлек»

**Мақсаты:** Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мөртаңбалармен, қылқаламмен сурет салудағыдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу.

**Билингвальды компонент:** көйлек – платье, әдемі – красивая.

**Сөздік жұмыс:** әдемі көйлек

**Көрнекілігі:** демонстрациялық материалдар, қуыршақ Айсана.

**Мотивациялық-қозғаушылық**

Балалар қуыршақ Айсан жылап отыр екен. Айсананы кім ренжіткенін сұрайықшы.

Маған ешкім тиіскен жоқ... Бірақ күшік досым қонаққа шақырған, қонаққа қиетін әдемі көйлегім жоқ деп жылап отырмын. Балалар Айсанаға көмектесеміз бе?

**Ұйымдастырушылық-ізденістік** Балалар әдемі көйлекті дөңгелектермен әшекейлеу үшін мөртаңбаны, қылқаламды, Саусақтарыңды пайдалануға болады. Қылқаламның көмегімен,

сұқ саусақтарыңмен пайдалануға болады. Қылқаламның ұшымен тамызып бояуға, мақта оралған таяқшалар арқылы дөңгелек түсіруге болады, Сұрткішті дұрыс пайдалану керек. Бір – бірлеріңе бөгет жасамай дұрыс отыруларың керек. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Белімізді жазамыз. Жоғары – төмен қараймыз. Оңға-солға, түзу тұр. Бойымызға күш жинап,

Біз демалып қаламыз.

**Рефлексиялық-түзетушілік** Балалар Айсана сендердің әдемі көйлек салғандарыңа қуанып, күшік досының үйіне баратындығын айтып жатыр. Сендерге рахметін айтып жатыр. Тыныс алу жаттығуымен аяқтаймыз.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Көйлекте әртүрлі болатындығын.

**Игереді:** маңайындағы басқа адамдарға көмектесу қажеттігін.

**Меңгереді:** мөртаңба, қылқалам, саусақтардың көмегімен әдемі көйлекті әшекелей білуді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Бөлімі:**Сурет салу

**Тақырыбы:** «Саты»

**Мақсаты:**Балаларға жануарлардың бейнесіне лайқты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Керіктің мойынының ұзындығына қарай түрлі бағыттарға сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету. Музыканы көгіл күйлеріне қарай қабылдау сезімдерін дамыту.

Жануарларға деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

**Билингвальды компонент:** Саты – лесница, керік - жираф

**Сөздік жұмыс:**саты, баспалдақ

**Көрнекілігі:**демонстрациялық материалдар, қиылған жануарлар суреті, металлофон

**Мотивациялық-қозғаушылық**

Балалар мен бүгін металлофон аспабын тауып алдым. Міне аспабты таяқшамен ұрып ойнайды.Солдан оңға, біртіндеп жоғары, оңнан солға біртіндеп төмен ұрғанда әртүрлі дауыстар шығады.

Балалар сендер саты дегенді қалай түсінесіңдер?Мына суретте сатының түрлері бар.Саты баспалдақтардың санына, ұзындығына қарай бөлінеді.

**Ұйымдастырушылық-ізденістік** Кәне, балалар алдыларыңдаға саты тұр. Сатының баспалдақтарында жануарлардың, суреті бар. Суреттер рет – ретімен орналасқан. Кәне, балалар мен сатының баспалдақтарындағы жануарларды атап қалай дыбыстайтынын айтамыз. -Әтеш ерте тұрады. -Сондықтан ол бірінші баспалдақта тұр. -Әтеш қалай дыбыстайды? -Ал, мысық қалай дыбыстайды?

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз,

Белімізді жазамыз.

Жоғары – төмен қараймыз.

Оңға-солға, түзу тұр.

Бойымызға күш жинап,

Біз демалып қаламыз.

Сөздік жұмыс: саты, баспалдақ.

Биалангвальды компонент: керік – жираф, саты – лесница Сатының баспалдақтарына жанурларды даусына қарай орналастырамыз. (қораз, мысық,

күшік).Балалар енді мойны ұзын жанурға, керікке саты салып берейік. Мынау күшік . Күшік үреді. Балалар сендер сатыны әдемі етіп салдыңдар Сатыны кімге жасадыңдар?

-Балаларкерік сендерге рахметін айтып, ризашылығын білдірді.

**Күтілетін нәтиже:Біледі:** жануарлардың дауыс ырғықтары әртүрлі болатындығын.**Игереді:**саты баспалдақтардан құралатындығын.

**Меңгереді:** түзу сызықтарды сызу,бір – біріне қосуды.

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Қуыршақтың мойынорағышы»

**Мақсаты:** Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру. Мойынорағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй білуге үйрету. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** мойынорағыш, баскиім.

**Көрнекілігі:**демонстрациялық материалдар, қуыршақ Айсана, қуыршақ киімдері.

**Билингвальды копонент:**мойынорағыш - шарф.

**Мотивациялық-қозғаушылық Шаттық шеңбері:** Шаттанайын менде, Шаттанасың сенде, Шаттанайық бәріміз, Арайлап атқан күнде. Балалар менде кішкене әдемі сандықша бар, сол сандықшаның ішінде Айсананың киімдері бар.Балалар киімдер жыл мезгіліне қарйай іәртүрлі болады.

МысалыАйсананың қысқы киімдері. Мынау баскиімі, шапаны, қолғабы, етігі. Ал, балалар Айсананың мойынорағышы жоқ екен.

Айсана далаға шығамын дейді, бірақ мойынорағышым жоқ дейді. Айсанаға мойынорағыш жасап береміз бе?

**Мотивациялық-қозғаушылық Шаттық шеңбері:** Шаттанайын менде, Шаттанасың сенде, Шаттанайық бәріміз, Арайлап атқан күнде. Балалар менде кішкене әдемі сандықша бар, сол сандықшаның ішінде Айсананың киімдері бар.Балалар киімдер жыл мезгіліне қарйай іәртүрлі болады.

МысалыАйсананың қысқы киімдері. Мынау баскиімі, шапаны, қолғабы, етігі. Балалар суреттегі мойынорағышқа көңіл бөліп қараңдаршы.

Мойынорағышта әр түсті жолақтар бар. Кәне, балалар әр жолақтардың түстерін атайықшы: қызыл, сары, ақ, көк, жасыл. Балалар алдыларында үзік

сызықпен сызылған жолақтар бар. Сол үзік сызықтардың үстінен бастырыңдар. Ал, енді жолақтарды рет – ретімен түрлі – түсті қарындаштармен

бояңдар.Балалар жолақтардың сыртына шығармай бояңдар. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел есті, Кіп – кішкентай балалар Кіп – кішкентай балалар Үлкен болып өседі.

**Рефлексиялық - түзетушілік** Балалар , сендер салған мойынорағыштар қуыршақ Айсанаға ұнады, Кім қандай түсті пайдаланды?

Балалар сендердің салған суреттерің әдемі болып шықты.

Ал, балалар енді «Қуыршақты киіндір» ойынын ойнап бүгінгі оқу қызметімізді аяқтаймыз.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**қуыршақ киімдерінің атауларын .

**Игереді:** мойынорағышты салуды.

**Меңгереді:** бояу қарындашпен біркелкі бояуды.

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Анама арналған моншақтар»

**Мақсаты:** Балаларға дөңгелек моншақтардың суретін салып үйрету.

Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.

**Құралдар:** Моншақтар, жіп, түрлі-түсті қаламдар, жұмсақ моншақтар, желім. Кардон қағаз.Маскалар.

**Сөздік жұмыс:** Моншақ, сыйлық, сыйластық.



**Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі:**

**Шаттық шеңбер:** Балалар амандасады.

Қол ұстасып тұрайық,

Күлкімізді сыйлайық.

Қошеметте бізге керек,

Күн өтеді керемет.

Сәлеметсіздерме!!

**Балаларға қоян мен аю келеді:** -Балалар бүгін біздің мамаларымыздың туылған күні еді,біз мамамызға сыйлық жасайық деп едік,көмектесіңдерші.

**Тәрбиеші:**-Балалар аю мен қоянға көмектесеміз бе? Біз аю мен қоянның аналарына моншақ тізіп сыйлық жасап берейік, жүріңдер.Балалар үстел үсітіне отырады.

Бірінші жұмыс: Қоянның мамасына сыйлық жасау. (Ән ырғағымен жұмыс жасайды). Тәрбиеші балаларға моншақты қолымен ұстап көрсетеді, моншақ домалақ,қатты, алақанымызға салып домалатып көрейікші, ортасында тесігі бар сол тесіктен біз мына жіпті өткіземіз, санан соң әдемі моншақ болады. Ал осы моншақтыр мойынға тағатын әшекей болады. Міне осы сыйлықты қоянның анасына сыйлаймыз. Балалармен бірге аю мен қоян арнайы дайындалған моншақтарды жіптен біртіндеп өткізеді, жіптің соңын байлап мамаларына моншақ дайын болғанда арнайы қорапқа салып ақоянның анасына сыйлайды. Балалар біздің қолымыз шаршап қалды енді қолымызға жаттығу жасап алайық. Қолдарына жаттығу жасатып алады (ән ырғағымен):

Саусақ жаттығуын жасау:

Бала, бала, балақан,

Қане, қане алақан.

Саусақтарың әйбат,

Былай, былай ойнат.

Топ, топ басайық.

Жалаудан күн жасайық,

Жаса, жаса алтын.

Жаса, жаса жарқын күн.

- Тәрбиеші енді біз аюдың анасына сыйлық жасайық.(Ән ырғағымен жұмыс жасайды).

Екінші жұмыс: Тәрбиеші балаларға жұмсақ моншақты көрсетеді, мына моншақтар жұмсақ, домалақ, ол алқанға салсақ домалайды. Біз мынандай жіп салып қағазға(қорданға қаламмен сызып жіп салады) осы жұмсақ моншақтарды салған жіптің үстіне жапсырамыз. Балалармен бірге аю мен қоян дайын жұмсақ моншақтарды қардонға тізіп жапсырып сыйлық дайындайды. Дайын болған сыйлықты қорапқа салып аюдың анасына сыйлайды. Зал ішіне қоян мен аюдың аналары балаларын іздеп келеді. Балалары сыйлықтарын сыйлайды.

Тәрбиеші балаларға қоян мен аюдың аналарына өлең айырқызады.

(Өлең айту «Анашым» ән ырғағымен).

Аналарына тақпақтар айтады:

Анам, анам ақ анам,

Мен өзіндей ақ балаң.

Айытқан тілің аламын,

Жұмсағанда барамын.

**Балалармен бірге аю мен қоянның аналарын ойын ойнауға шақырады:**

**Ойын:** Аюдың балалары аналарына құлпынай жинайды, ал қоянның балалары аналарына сәбіз жыйнайды. (Ән ырғағымен)

Аю мен қоян аналарымен балалармен қоштасып орманға қайтады.

**Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:**

**- Қоянның анасына жасаған моншақ қатты ма, жұмсақ болды ма?**

**- Ал аюдың анасының моншағы қандай болды?**

**Қояндар мен аюлар балалармен қоштасып үйлеріне кетеді.**

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Кесені әшекейлеу»

**Мақсаты:** Балаларды кеселер суретіне салуға, түс үйлесімділігін бере білуге үйрету. Ұлттық ою-өрнегі жайлы түсін кеңейту.

**Көрнекілігі:** Қарындаш, альбом парағы, субояу. Кеселер суреті.

**Методикалық әдіс-тәсіл:** Балаларды шеңбер бойына жинап, сұрақ-жауап арқылы кесе үлгісін бірлесе талдау жасайды. (көлемі, пішіні, ою-өрнек атаулары).Бүгінгі іс-әрекетте ою-өрнекпен әшекейленген кеселердің суретінін салатынын айтады.

**Жұмыс барысы:**

-Қағаз бетіндегі кеңістікте дұрыс бағдарлай отырып, үлкен және кіші кеселер суретін салады.

-Кеселерді өздеріне ұнамды түспен ақшыл етіп бояп алады.

-Қылқалам ұшымен жиектерін жіңішкерек етіп осы түспен қоюлау бояп, түбін жиектеріне қарағанда жалпағырақ көлемде бояп, сәл кептіреді.

-жиектеріне ирек, су, ортасына қызғалдақ.

Өрнегін картоап бастрьмасы арқылы түсіреді.

Сергіту сәті «Ұшты, ұшты» торғай ұшты, «Ұшты, ұшты» кесе ұшты.

Белсенді қатысқан балаларды мадақтап, «Қуанышты хабарлама» таратады.

Ойын: «Су бояулар базары»

Рефлексивті коррекциялау:Балалар қимылмен көрсетеді. Ұшпайтын затты айтқанда отырады.

Балалар сергіту сәтін жасайды.

Балалар ойынды қызыға ойнайды

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі:** Балалар кеселер суретін сала білуі.

**Меңгеруі:** Қазақтың ұлттық ою-өрнектері жайлы меңгереді.

**Үйренуі:** Әшекейлеу іскерліктерін дамыту, бояуға машықтандыру.

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** «Алжапқышты әшекейлейміз»

**Мақсаты:** Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою-өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Іскерлік дағдыларды қалыптастыру, алжапқышты әдемілеп әшекейлеу арқылы эстетикалық талғамын дамыту.

**Қажеті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер:** демонстрациялық материалдар, алжапқыш, бояулар, қылқалам, сүрткіштер..

**Сөздік жұмысы:** алжапқыш.

Ұйымдастырушылық- оятушылық: Педагог балаларға қуыршақ Айсұлудың қонаққа келгендігін айтады.

-Қуыршақ Айсұлу өзінің анасының туған күніне алжапқыш сатып алған екен. Алжапқышты әдемі ою-өрнектермен әшекейлегісі келеді, бірақ қалай әшекейлейтінін білмейді. Балалар, біз Айсұлуға көмек көрсете аламыз ба?

Сөздік жұмысын жүргізеді. Балалар қуыршақ Айсұлумен сәлемдеседі. Қуыршақ Айсұлуға алжапқышты әшекейлеуге көмектесетіндерін айтады. «Алжапқыш» сөзін қайталайды.

Ұйымдастырушылық-ізденушілік : Педагог балаларға қуыршақ Айсұлуға алжапқышты әшекейлеп беру үшін үшбұрыш, төртбұрышты қылқаламды, сұқ саусақтарын пайдаланып, дөңгелектеп салуға болатындығын түсіндіреді.

Сергіту сәті:

Көбелекке ұқсап,

Ұшайықшы бәріміз.

Оңға қарай бір ұшып,

Солға қарай бір ұшып,

Айналайық жер шарын.

Қуыршақ Айсұлу балалардың алжапқышты әдемі әшекейлегендеріне тоқталып, әшекейлегенде қолмен өрнектеуді қалай пайдаланғандарын сұрайды.

Рефлекстік –түзету:Айсұлу балаларға әшекейлеген алжапқыштардың ұнайтынын, рақметін айтып қайтады.Педагог «Сезіп көр де, суретін сал» ойынын ойнатып, сабақты қорытындылайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** алжапқыштың не үшін қажет екендігін, оның түрлерін.

**Игереді:** достарға қашан да көмектесу қажеттігін.

**Меңгереді:** сұқ саусақтарын пайдаланып алжапқышқа өрнек салуды

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** 8 Наурыз мерекесімен құттықтау ашықхаты

Мақсаты:.Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.8 Наурыз туралы түсінік беру.Сурет арқылы балаларға туған жердің табиғатын ауылдың көрікті әдемі жерлерімен таныстыру.

Сөздік жұмыс: табиғат,туған жер,Қолданатын құралдар: түрлі түсті акварель бояуы,қылқалам,сурет дәптер.ылғал сүлгі.

Мотивация қозғаушылық: Шаттық шеңбер

Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты

Жайнай түсті қаламыз

Жайнай түсті даламыз

Ол үшін сурет дәптері мен қарындаш және акварель бояуы керек.

Қағаз бетіне жазық сызық сызу арқылы аспан мен теңіз ортасына жазық сызып аламыз.

-Өзеннің түсі қандай болады?

-Ал балықтың түсі ше?

Суда нелер жүреді?

-Олай болса судағы қайықпен балықтың суретін саламыз.

-Үлгі көрсету.

-Бейнелеп көрсету.

- Балалар өзендегі қайықпен балықтың суретін салады

Балаларды мадақтау

Балалар теңіздің желкенді қайықпен балықтың суретін салады Мұғалім әр баланың жасаған жұмыстарын көрмеге қояды.

Бүгінгі сабақта жақсы қатыстыңдар

Балаларды мадақтау

**Күтілетін нәтиже**

**Нені білу керек:**Туған жер туралы түсінікті

**Нені игереді:** Сурет дәптердің ортасына жазық сызық сызуды

**Нені білді:** Қағаз бетіне теңіздегі желкенді қайық пен балықтың суретін сала білуді

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** Күн жарқырап, шөп шықты

**Мақсаттары:** Балаларды сурет салудың дәстүрлі емес (қағазбен бастыру, шиыршықталған қағаздар арқылы) тәсілдерімен жұмыс істеуге үйрету.

Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Шығармашылық қиялын саусақ моторикаларын дамыту.

Шаттық шеңбер

Армысыз, қайырымды Аспан-Ата!

Армысыз, мейірімді Жер-Ана!

Армысыз, шұғылалы Алтын - күн!

Қуанайық шаттанайық бәріміз!

Күліп шықты күн бүгін.

Балалар шеңберге тұрып, шаттық шеңберді қимылмен айтады.

- Балалар енді мен сендерге жұмбақ жасырамын.

Таңмен көзін ашады,

Әлемге нұрын шашады.(күн)

- Күн қандай болады?

- Дөңгелек, үлкен, ыстық болады.

- Күннің түсі қандай?

- Күннің түсі сары болады.

- Балалар, күннің көзі жарқырап шыққан кезде табиғат құлпырып, гүлдер шөптер, құстар, жануарлар, адамдар ұйқыдан оянып өздерін қуанышты сезінеді.

- Балалар, аспанда күн болмаса, дала қандай болады?

-Дала қараңғы, суық болады.

- Күн бізге , жерге жылуын , сәулесін шашып тұрады.

Ендеше біз балапандарға күнді жарқыратып , шөптің суретін салайық.

- Балалар ең бірінші қағазбен бастыру арқылы күнді саламыз, сосын

Балалардың жұмыстарын талдау

Қорытынды

- Күн қандай болады?

- Дөңгелек, үлкен, ыстық болады.

- Күннің түсі қандай?
  - Күннің түсі сары болады.
- Дидактикалық ойын: "Күн шуақтары"  
Балаларды мақтап - мадақтау.

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** Бақ- бақ гүлі.

**Мақсаты:**Көктемнің алғашқы гүлі жайлы білімдерін кеңейту.Қарандашпен гүлдің пішінін дұрыс бере білуге үйрету.Жіпті қию кезінде қайшыны дұрыс ұстауға дағдыландыру.

**Мотивациялық-қозғаушылық** Көктемнің бірінші гүлдері жайлы балаламен әңгіме өткізту.

Балалар жылдың ең жақсы мезгілі көктемде келіп жетті.

Табиғат қысқы ұзақ ұйқысынан оянды. Көктемде бірінші болып қандай гүлдер гүлдейді?

Мен сендерге әдемі өлең оқып бергім келіп тұр.Автор:Сыдығалиева С.Т.

Көктем келді көңілді,

Айналамыз нұрға енді.

Күн шуағын төккенде,

Бақ – бак гүлі гүлдеді.

Көрінеді шалғайдан,

Бел – белестер сарғайған.

**Ұйымдастырылған ізденіс себептері:** Балалар бал арасына гүлдердің нәрін жинау үшін көп гүл керек екен. Көп гүлді қайдан алсақ екен? Балалар сендер гүл салып бергенше мен құр қарап отырмай басқа жақтан гүлдің нәрін жинап келейін. Егерде көп гүл салсаңдар мен достарымды да ертіп келемін.Балаларға бақ – бақ гүлінің сурет салуды ұсынады.

Бақ-бақ гүлін қарап шығып оның түсін және гүлі мен жапырағының пішінін сұрап анықтау.Суретті салып көрсету.

Қарандашпен гүлдің сұлбасын салу,сары гүлі мен ақ үлпесін салу ( домалақ немесе сопақ пішінді, балалардың қалауы бойынша).

Гүлдің сабағы мен жапырағын салу.Сары жіпті қайшымен майдалап қиып, сары гүлдің сұлбасы салынған дөңгелекке желіммен жапсыру.Ақ үлпесін мақтамен жапсыру. Ақ мақтаны майдалап үзіп гүлдің ақ үлпесін желіммен жапсыру.Гүлдің жапырақтары мен сабағын салу үшін жұмсақ жіңішке қылқаламды суға сәл ғана батырып, артық суды сүлгіге сүртіп қалдыру. Жасыл гуашпен бақ – бақ гүлінің және үлпесінің сабағын, жапырағын салу.

Балалардың өз беттерінше жұмысы.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:** Көктем мезгілі және оның ерекшелігі мен көктем гүлдері жайлы өлең тақпақтар білу.

**Болу:** Кеңістік , қоршаған орта түс үйлесімдігі жайлы ұғым болу.

**Істей алу:** Гүлді бүткіл қағаз бетіне орналастыра алу. Гүлдің сабағын, жапырағын салуда жіңішке қылқаламды қолдану.Тоқыма жіпті майдалап қиып, мақтаны саусақтарымен үзіп бөле алу.

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** Атама арналған тымақ.

**Тақырыбы:** Машина

**Мақсаты:** Балаларға машина туралы түсінік беру. Машинаның дөңгелектерін тығын арқылы салуға үйрету.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** демонстрациялық материалдар.

**Қажетті құрал жабдықтар:** әр балаға арналған үлестірмелі материал,қара бояу,тығындар,қол сұрткіштер,су.

Мотивациялық -қозғаушылық

Балалар топта көптеген ойыншық машиналар бар,үйлерінде де бар ма?

Балалар мына суреттерде жеңіл және жүк машинасы,жедел жәрдем машиналары бейнеленген.Сендерге қай машина ұнайды?

-Машинаның түсі қандай?Неше дөңгелегі бар?

Балалар ойыншықтарға көмектесу үшін алдарындағы парақтағы дөңгелегі салынбаған машинаның дөңгелегін тығын арқылы салу керек.

-Ол үшін алдымен тығынды қол-дарыңа алындар,оны алдарыңда тұрған қара бояуға ұқыпты батырып,бірінші алдыңғы дөңгелегін,сонан кейін артқы дөңгелегін бастырып бояндар.

-Бұл жүк машинасы болғандықтан,дөңгелегін тегіс етіп бояуы-мыз керек.

**Сөздік жұмыс:**тығын,дөңгелек. Балалар жұмыс жасап болсақ, бойымызды сергітіп алайық.

**Сергіту сәті.**

Күн болып жанайық,

Мөлдір су боп ағайық.

Гүл болып жайнайық,

Терең-терең дем алып.

Жүгіріп-жүгіріп алайық.

Балалар, сендерге ойыншықтар риза болып,енді орманға саяхатқа бара алатыны жайлы айтып,рахметін білдірді.Балалар серуенге шыққанда сендер де, өздеріңе ұнайтын машиналарды алып ойнайсындар. -Балалар оқу іс-әрекетіміз ұнады ма?

-Суретті немен салдындар?

-Дөңгелектің түсін қандай түспен салдындар?

Балалар бәріңде суретті жақсы салдындар,алдағы уақытта да,суретті боямай ұқыпты салындар.

**Күтілетін нәтиже.**

**Нені білді:** Машинаның түрлері,бөліктері жайлы мәліметті және барлық машинаның дөңгелекпен жүретіндігін білді.

**Нені игерді:** Ойыншықтармен ойнағанда ұқыпты болу керектігін игерді.

**Нені меңгерді:** Тығын арқылы дөңгелекті бояуға болатынын меңгерді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырып:** «Кілемше»

**Мақсаты:** : Балаларды қызығушылықпен кілемшені жапсыруға ынталандыру. Ой-өрісін, қиялын дамыту. Шығармашылық қабілетін дамыту, саусақ моторикасын жетілдіру.

**Көрнекілік құралдар:** Суреттер,қылқалам,қағаз, желім.

**Сөздік жұмыс:** Текемет

**Билингвальді компонент:** Кілем-ковер

Мотивациялық -қозғаушылық Жылулық шеңбері:

Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды даламыз

Жарқырайды күніміз

Қайырлы таң балалар!

Ұйымдастырушы-ізденуші Балалар қазыр жылдың қай мезгілі?

Көктем мезгілі бізге несімен ерекше?

-Балалар біреу есікті қағып тұр, мен кім келді көрейін.

-Балалар қараңдар бізге қонаққа кішкентай бала мысық келді.

-Қане барлығымыз ең бірінші амандасайық.

Тәрбиеші балаларға кішкентай бала мысық тоңғанын, оған жататын жылы кілемше керектігін айтады.

-Балалар, бала мысық сендерге кілемше жасап берулеріңді сұрайды.

Балалар мысыққа кілемше жасап береміз бе?

Содан кейін тәрбиеші балаларға кілемшенің суретін көрсетіп, бірінші өзі жапсырып үлгісін көрсетеді, содан кейін балалар жұмысқа кіріседі.

Асықпай, ұқыпты жұмыс жасауларын сұрайды.

Балаларға көрсетіп көмектеседі.

Кілемшені жақсы жапсырған балаларды мадақтайды.

Сергіту сәтіҚарлығаштар қанатын,

Самғап, самғап ұшады.

Қозымыз бен лағымыз

Ытқып-ытқып шабады.

Жапсырған кілемшелерін кішкене бала мысыққа көрсетеді.

Бала мысық қуанып, балаларды мақтайды және өзінің балаларға алып келген сиығын таратып береді. **Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Балалар ұқыпты жапсыра білу керек.

**Нені игереді:** Балалар кілемшені жапсыруды игерді.

**Нені біледі:** Тапсырманы орындай біледі.

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

**Тақырыбы:** Атама арналған тымақ

**Мақсаты:**Балаларға тымақ туралы айту, тымақтың суретін салуды үйрету.Есте сақтау қабілеттерін дамыту.Суретті дұрыс, әдемі салуын тәрбиелеу.

Мотивация қозғаушылық: Шаттық шеңбер

Табиғатым тамаша,

Көз тоймайды қараса.

Табиғатты аялап.

Жүрейікші жараса.

Тымақ биік төбелі, маңдайы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын артқы етекпен тұратын, аңның, малдың терісінен тігілген қысқы бас киім.

Тымақ суретін балаларға көрсету.

осы суретке қарап отырып, әдемі етіп сурет салу. Суретті салып болған соң қысқамен бояу.

Бүгін қандай сурет салдық?

Сендерге не ұнады?

### **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

Тақырыбы: «Сылдырмақ»

Мақсаты: Сылдырмақты салуға үйрету.Балаларға сылдырмақ туралы түсінік беру. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекі-құралдар: Суреттер, үлгі суреті, ақ қағаз, қарындаштар.

Мотивация қозғаушылық: Шаттық шеңбер

Балалар бізге қонаққа құыршақ келді!

Құыршақ:-Сәлеметсіңдерме балалар! Мен балабақшадан келдім! Мен көп сылдырмақ жинап келе жатқанда меннен аю алып қойды. сендер маған көмектесіңдерші! Сылдырмақтарды табуға!

-Балалар қазір біз осы үлгі суретке қарап сылдырмақ салайықшы!

Сергіту сәті:

Қоян шықты далаға

Жан-жаққа қарады

Секіріп,жүгірді

Орына кеп отырды

Қуыршақ:-Рахмет балалар!

Сау болыңдар!

Рефлексия: Балалар біз неге көмектестік?

-Иә дұрыс!Бір-бірін бағаландаршы кім жақсы сурет салды?

Жарайсыңдар! Тамаша!

Күтілетін нәтиже: Балалар сылдырмақ салуға үйренеді

Сылдырмақтың ерешелігін игереді

Берілген тапсырманы ұқыпты орындауды меңгереді

## **Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Вариативтік компонент:**«Бояулар патшалығы»

Тақырыбы: Қуыршаққа арналған сақина.

Мақсаты:Балаларды сақинаның дөңгелекке ұқсастығын тауып,соны сала білуге жаттықтыру. Сақинаны салуда бояуды, сызықтың шеттеріне шығармай бояуды үйрету. Сурет салудға қызығушылықтарын арттыру,ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әдіс -тәсілдер: Әңгімелеп беру, түсіндіру, көрсету, сұрақ – жауаптар, сергіту сәті, ойын ойнату, қортындылау.

Қажетті құрал-жабдықтар: түсті қарындаштар(сары,қызыл) сурет дәптері, демонстрациялық материалдар, сақина.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыс: суреттер салу, жүруге байланысты әртүрлі ойындар.

Қостілдік құрам: игрушки-ойыншықтар, сақина-кольцо

Іс-әрекет кезеңдері Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс – әрекеті

Мотивациялық -қозғаушылық Шаттық шеңбері.

Армысың алтын күн!

Армысың асыл жер!

Армысың достарым!

Армысың қонақтар!

Жылуыма жылу қос, Алақанның жылуы арқылы достарына жылы лебіз білдіру. Тәрбиешінің көмегімен жылы лебіздерін айтады. -еліміз аман болсын. -деніміз сау болсын. -күніміз ашық болсын. -ойыншықтарымыз көп болсын.

Мотивация қозғаушылық: Сақинаны кімдер тағады? Не үшін? Сақиналар қандай болады? Сақина –дөңгелек болады,оны саусаққа тағады немесе киеді.Оларды қыздар, аналар,әжелер тағады, сәндік үшін,әдемілікке қолданады.



Балалар бізге қуыршақ Айсана келді , қәне амандасайық. Қуыршақ Айсана сендерден әдемі сақина салып беруді сұрайды.Сақина салып беруге дайынсыңдар ма? Қәне онда ауада дөңгелектер салып көрейікші. Сақинаның штрихпен берілген үлгісін қарандашпен бастырып шығады. Сызықтан шығармай өздері таңдаған бояумен бояу, ал көзін басқа түспен бояу

Сергіту сәті:

Рефлексті коррекциялаушы Балалардың суреттерін қарап,мадақтау. Балалар бүгін біз не салып үйрендік? Бүгінгі оқу іс-әрекеті ұнады ма? Жұмыс жасаған орындарын жинақтауға жұмылдырады. Сақина Иә ұнады. Жұмыс жасаған орындарын жинақтайды.

Күтілетін нәтиже:Біледі: өз айналасында көптеген дөңгелек заттардың барлығын.Игереді.сақинаны әдемілік үшін тағатынын.

Меңгереді : дөңгелек пішінді сақинаны салуды,оны бояуды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ф.Н.Жұмабекова. «Мектепке дейінгі педагогика». Астана 2012жыл.
2. Ф.Ниязбекова. М. Сансызбайқызы. «Балабақшада баланы мектепке дайындау» Алматы «Шартарап» 2000жыл.
3. Д.А.Кошанова.А.Г.Молдаханова. «Біздің балабақша» 2007жыл.
4. БолатбаевҚ.Қ. Бейнелеу өнеріне арналған дәптер.-Алматы. Атамұра 2000жыл.
5. Швайко Г.С. Балабақшадағы бейнелеу өнері сабақтары.-М.: Валдос.2000
6. Артемова Л. Р. Мектепке дейінгі балаларға арналған қоршаған ортадан дидактикалық ойындар.М.:Просвещение,1992.
7. Винаградов Л.В. Методическое пособие для учителя М.: Ассоциация педагогов – Учебно- методический центр.2000-97с.
8. Горюнова Л. Развитие ребенка как его жизнотвочество. Искусство в школе. 2003. №1.
9. Гуревич К. Лабиринты развития таланта Искусство в школе. 2003.№1.
10. Давыдов В.В. Психологические проблемы процесса обучения младших школьников. Хрестоматия по возрастной и педагогической психологии.: Просвещение, 2001. 25
11. Дифференцированный подход в обучении творческой деятельности